

SAILAŪ-2021

ӨНІМ САПАСЫ ЖОҒАРЫ
БОЛУЫ ТИІС

2-бет

AINA

АДАСТЫРМАС
ТЕМІРҚАЗЫҚ

4-бет

RÝHANIAT

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ
АРДАҚТЫ ЕСІМДЕРІ

6-бет

ÁR TARAPTAN

ЕРЛІККЕ БЕРГІСІЗ
ЕҢБЕК

8-бет

*ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ*



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

БАҒДАР МЕН БЕЛЕС

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қасқағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандыраы анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әржағысыы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін аркалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге



және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы,

тұрғындардың тұрмысын жақсартта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімінң игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаын», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жақ тұрттын ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық еркеніеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

САУАЛНАМА

10 қаңтарда өтетін Парламент Мәжілісі және түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау – еліміз үшін ерекше мән-маңызға ие саяси оқиғалардың бірі. Осы тұста аталған сайлау жайында мысты шаһар жұртшылығы қандай пікірде екенін білмек мақсатта сайлаушыларға «Сайлауға қатысасыз ба?» және «Сайлаудан кейін қандай өзгерістер күтесіз?» деген сұрақтарды жолдаған едік.

ТАҢДАУ ЖАСАЙТЫН КҮН

Жәукен БӘЙІШ,
Жезказған қаласының Құрметті азаматы:

Мен егемен ел болғалы өткен әрбір сайлауды асыға күтемін. Бүгінге дейін біреуінен де қалып көрмеппін. Сөздің шыны, барша қазақ халқы әрбір сайлауға үлкен үмітпен, зор сеніммен қатысады. Әр сайлау сайын күншығыстан жаңа күнді күткендей оң өзгерістерді асыға тосады. Бұл жолғы сайлаудан да күтеріміз көп. Жақсылықтан үміттіміз. Алдағы сайлауда тізгінді ұстайтын азаматтар ең киелі саналатын ел сеніміне селкеу түсірмейді деген ниеттемін. Әділдік бар жерде ғана береке мен бірлік болады. Осыдан бірер күн бұрын ғана Мемлекет басшысы өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсартта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімінң игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы» деп тасқа таңба басқандай қылып айтқан болатын. Ел Президентінің сөздері жанымызға жұбаныш, көңілге демеу сыйлағандай болды. Мен өз елімнің Тәуелсіздігі тұрақты болғанын, барша қазақтың ұл-қыздарының ақ танды сеніммен қарсы алып, кешкілік алаңсыз ұйқыға кеткенін қалаймын. Солай боларына сенемін

де... Сол үшін сайлауға қатысамын, өз даусымды беремін, таңдауымды жасаймын!

Сәулет НИЯЗАЛЫ,
Қ.Сәтбаев атындағы
№7 мектеп-лицейдің мұғалімі:

«Ел арасында сайлау әділ өтпейді» деген кереғар пікірлердің де белен алып жүргені белгілі. Сайлаудың әділ өтуі неге байланысты? Ол алдымен ел халқының жауапкершілігіндегі іс. Азаматтар түгел жұдырықтай жұмылып, өз құқықтарын алға тарта таңдаған партиясына дауыс берер болса, бәрі де ойдағыдай өтеріне сенемін. Себебі сайлаудың дұрыс өтуі сайлаушының санасына тікелей байланысты. Ойлап көріңізші, сіз «Ештеңе өзгермейді» деп жылы көрпе астында жалаң сөз бен жалған ұранға сеніп жата бергеннен бірдене өзгерге ме? Одан да демалыс күніңізді құр жібермей, маңызды науқанға атсалысыңыз. Жаңа жыл жаңа жақсы оқиғаларды сыйға тартсын. Биыл ел дамуы жолында неше түрлі ұсыныстары ортаға салған партиялар қатары да мол. Бәсекелестік орын алған жерде нәтижелі іс те болады. Мен сайлауға барып, дауыс беруді азаматтық борышым деп санаймын. Сол себепті 10 қаңтар күні өз таңдауымды жасаймын.

Таңдаудан кейін депутаттарға қойылар міндеттің де жүгі ауыр. Сол себепті өз-өзіне толық сенімді азамат қана жүктелген міндетті абыроймен алып шығады. Не де болса, дауыс беруге отқалып, таңдаған партиясына шексіз сенім артып отырған барша қазақстандықтарға сәттілік тілеймін. Біздегі тілек – билік басына келетін партиялар мен депутаттар сенім үлесінен толық шыққаны.

►►4-бетте

ХАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ

«Сүтекең туған өлкенің тірі шежіресі еді. Киелі де қасиетті Ұлытау өңірінің екі ғасырлық тарихын кішкентай көкірегіне сыйдырған алып қойма еді. Сүтекең пайымы, Сүтекең дерегі біз түгіл,кешегі Қанекен (Сәтбаев), Әлекендерге (Марғұлан) нағыз компас іспетті болғандығы белгілі».

Акселеу СЕЙДІМБЕКОВ,
жазушы-ғалым,
мемлекеттік сыйлықтың иегері

Ұзақ жылдар туған өлке тарихын зерттеп, артына жаға жетпес үлкен мұра қалдырған Жезказған аймағына белгілі өлкетанушы, музей ісінің негізін қалаушы, археолог, этнограф, «Музей атау» атанған зерттеуші, кемелді ғұмыры замандастарына гибрат, ұрпаққа ұлағат болған Сүтемген Такабайұлы Бүкіровтің туғанына 100 жыл.

Жазушы-ғалым, мемлекеттік сыйлықтың иегері Акселеу Сейдімбеков өлкетанушы Бүкіров жайында: «Сүтекен туған өлкенің тірі шежіресі еді. Киелі де қасиетті Ұлытау өңірінің екі ғасырлық тарихын кішкентай көкірегіне сыйдырған алып қойма еді. Сүтекең пайымы, Сүтекең дерегі біз түгіл, кешегі Қанекен (Сәтбаев), Әлекендерге (Марғұлан) нағыз компас іспетті болғандығы белгілі. Ұлытау-Жезказған жактан жол іздегендерге, жоқ іздегендерге Сүтемген аға бағыттаған тайдырмас бағдаршам

қызметін атқарғандығын ғылымның өлкетану атты ауқымы кең сала-сымен айналысатындардың ешқай-сысы жокқа шығармаса керек»,- деп жазған екен.

Археограф, этнограф, аймағымыздағы музей ісінің негізін қалаушы Сүтемген Такабайұлы Бүкіров 1921 жылы 8 мамырда Наушабай ауылында дүниеге келген. Бала күнінен үлкендер ортасына үйір, ойлы, зерделі Сүтемген Такабайұлы мектепте жақсы оқыған, сондай-ақ өлке тарихына, шежіреге, өлең-жырларға құмар болып өседі. Кәмелеттік аттестат алысымен, өзі оқыған мектепте аға пионер жетекшісі болып алғаш еңбек жолын бастайды. Бір жылдан кейін Қарсақбай аудандық «Қызыл кенші» газетінің редакторы Әбілкасен Әміралин редакцияға қызметке шақырады. Бұл жылдар Сүтемген Такабайұлы үшін оқу, шыңдалу жə-не есею жылдары болды.

Сүтемген Такабайұлының өлке тарихына деген қызығушылығы 1935 жылдың маусымында Наушабайда алғаш рет академик Қаныш Сəтбаевпен кездесуінен кейін арта түседі. 1939 жылы Қарсақбай аудандық советінің депутаты Қаныш Сəтбаев жөнінде тұңғыш мақаласын жариялайды.

1969 жылы Қ.И.Сəтбаев атындағы Ленин орденді Жезказған кен-металлургия комбинатының тарихи өндірістік мұражайын ұйымдастыру жөнінде мәселе көтереді. Бұл ұсыныс көпшілік қолдауына ие болады. Оны іске асырудағы тандау да Сүтемген Такабайұлына бұйырады. Міне бұдан кейінгі өмірін мұрағат, мұражайлар қызметімен, туған өңір тарихымен, әдебиет пен өнер шежіресін жан-жақты зерттеп, зерделеу ісіне арнады. Ұлытау-Жезказған аймағының тарихын зерттеудегі еңбегі ұшан-теңіз.

►►6-бетте

ПАРТИЯЛАР – ЕЛ ІШІНДЕ

ОНЛАЙН КЕЗДЕСТІ

ADAL партиясынан депутаттыққа үміткер Ақмарал Бекмырзаева үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) жетекшілерімен және мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен онлайн-кездесу өткізді.

Кездесу барысында мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қорғау шарттары мен медициналық көмектің сапасы талқыланды. Осы мәселелер тұрғысынан нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар да қаралды. ҰЕҰ өкілдері мен ата-аналар балаларды оңалту мәселесіне қатысты шағымданды.

«Аймақтық миссиялар кезінде партияға осы проблема туралы көптеген хабарлама келіп түсті. Бірқатар аймақтарда оңалту орталықтары жоқ, сондықтан балалар өмірлік маңызды оңалту көмегін алмайды», – деді Ақмарал Бекмырзаева.

Кездесуге қатысушылар мәселенің өзектілігін растады. Сондай-ақ олар дәрі-дәрмектердің жетіспеуін, медициналық қызмет көрсету проблемалары мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға дене шынықтыру орталықтарының жоқтығын атап өтті. Тағы бір маңызды мәселе – аналарға арналған психологиялық көмек жоқ.

«Мүмкіндігі шектеулі баланы босанған анаға перзентханада психологиялық көмек көрсетілуі керек. Психолог әйелді қолдауы, оны ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеуге дайындауы керек», – деп атап өтті А.Бекмырзаева.

Жиынға қатысушылар да өз пікірлерін білдірді. Олардың айтуынша, ешкімнен тегін ештеңе сұрап отырған жоқ. Әйтсе де, олар мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек уақтылы және шынайы, сапалы болғанын қалайды.

Ақмарал Бекмұрзаева ADAL партиясы бұл мәселелерді қараусыз қалдырмайтынын



және сипатталған проблемалардың нақты шешімдерін табатынын жеткізді.

«Осындай кездесулердің арқасында біз бағдарламамыздың максаттарын толықтыруға және нақтылауға мүмкіндік аламыз. Тіпті облыс орталықтарында да жағдай нашар деп айтуға болады. Ал аудандардағы жағдай қандай? Проблемалар өте көп, алдымызда үлкен жұмыс тұр», деді ол.

Бұдан бөлек, ADAL партиясының өкілдері Алматыда қаланың жас кәсіпкерлерімен және тартаптарымен кездесу өткізді. Іс-шараға Мәжіліс депутаттығына кандидаттар Олжас Ордабаев, Алина Аскарова және Нұрлыбек Малеев қатысты.

Партия үміткерлерінің аймақтар тұрғындарымен кездесулері жалғасып жатыр. Алмасбек Садырбаев Алматы облысы Ұшарал қаласының тұрғындарымен кездесті. Тараптар субсидиялар мен шаруа қожалықтарын несиелендіру мәселелерін талқылады. Партия өкіліне облыстың кейбір проблемалары, атап айтқанда, аграрлық секторға жердің жетіспеушілігі туралы айтылды. Өз кезегінде Алмасбек Садырбаев фермерлерге партия бұл мәселелерді қалай шешуді жоспарлап отырғанын айтты.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕДІ

«Ақжолдықтар» үгіт-насихаттың жаңа форматына көшті. Партия белсенділері әдеттегідей сайлаушыларды бір жерге жинамай, сайлауды бағдарлама мәтінін үйге жеткізіп беруге бел байлады. «Есіктен есікке» акциясы аясында партияның ондаған еріктісі Нұр-Сұлтан қаласындағы ұрғындардың пошта жәшігіне арнайы парақшалар қалдырып жүр.

Егер жергілікті тұрғындар тарапынан сұрақтар туындаса, еріктілер сол жерде пікір алмасып, саяси ұйым ұстанымдарын, сайлауалды бағдарламасын түсіндіруге дайын. «Есіктен есікке» акциясы бір күндік шара емес. Бұл акция үгіт-насихат науқанының аяғына дейін жалғасады. Шара сонымен қатар тек елордада ғана емес, еліміздің барлық өңірінде өткелі отыр.

Партия атынан қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Серік Түсіпов еріктілердің қасында болып, тұрғындармен пікірлесті. Оның айтуынша, кездескен азаматтардың көбін толғандыратын басты мәселе несие жайында болды. Халық кредит мәселесінде халыққа жеңілдік жасалғанын қалайды екен. Естеріңізге сала кетсек, «Ақ жол» партиясы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін ипотека, тұтыну тауарлары үшін, шағын және орта бизнес пен халықтың тұтыну қажеттіліктері несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін 7-8%-дан аспайтын етіп шектеуді ұсынып отыр.

Одан бөлек, кәсіпкерлікті қолдау – жұмыссыздық мәселесін шешудің, жұмыс орындарын құрудың және қазақстандықтарды табыспен қамтамасыз етудің басты құралы деп санайтын партия өкілдері Қарағанды кәсіпкерлерімен кездесті. Үгіт-насихат тобын партия көшбасшысы Азат Перуашев бастап барды.

Қарағанды облысына жұмыс сапары «Британский комфортный квартал» ТК құрылыс алаңында сайлаушылармен кездесуден басталды. Тұрғын үй құрылысы өткен жылдың соңында басталған. Жекелей инвестицияланған нысанды құрылысшылар осы жылдың соңында пайдалануға беруді жоспарлап отыр екен.

«Жаңа үйде 720 пәтер болады. Нысанда жүзден астам адам жұмыс істейді. Мамандардың



барлығы жергілікті тұрғындар, дегенмен жұмыс қолы жетіспейді. Пандемияға дейін Өзбекстаннан мамандар тартылды, бірақ олар қазір елдеріне оралды. Енді кадрлар жетіспеуде», дейді құрылыс жетекшілері.

А. Перуашев мұндай компанияларды қолдау қажет екенін атап өтті. «Құрылыс бүгінде экономиканың нақты секторының дамуына әсер ететін басты салалардың бірі болып отыр. «Ақ жол» партиясы – шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдаудың жақтаушысы. Біз инвестицияларды тартудың шынайы стимулдарын енгізу қажет деп санаймыз. «Ақ жол» пандемияның салдарын еңсеру үшін салықтық рақымшылық жүргізуді, ШОБ-ты төлем қабілеттілігі толық қалпына келгенше салықтан босатуды, микробизнес пен өзін өзі жұмыспен қамтыған халықты салықтан босатуды ұсынды. Біз Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін 4-5%-ға дейін төмендету, кейіннен ЕДБ кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету мәселесін үнемі көтеріп жүріміз», деп атап өтті ол. Содан кейін Азат Перуашев бастаған «Ақ жол» үгіт-насихат тобы Қарағанды кәсіпкерлерімен кездесті. Партиялықтар бизнесмендерді өздерінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, оларды толғандыратын мәселелерді тыңдады. Өңгіме барысында экономикалық заң бұзушылықтар, салық салу, мемлекеттік сатып алу саласындағы кедергілер тақырыптары көтерілді.

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ КЕЗЕҢІ

«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының атынан Парламент Мәжілісіне және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар осы өңірдегі Айыртау ауданының Имантау ауылында болып, Имантау-Шалқар курорттық аймағының ұжымымен кездесті.

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясындағы кездесудің негізгі мақсаты партияның ауылдағы ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес түрлерін дамыту, бұқаралық спорт пен агротуризмді жаңғырту жөніндегі бастамаларын түсіндіру болды.

Имантау-Шалқар курорттық кешені «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында орналасқан. Аталған кешен Қазақстандағы туризмді дамыту жөніндегі 10 басым жобаның қатарына кірген.

Кандидат Төлеутай Рақымбеков атап өткендей, 2020 жылдың басынан бері коронавирус пандемиясына байланысты туризмнің сыртқы бағыттары іс жүзінде тоқтап қалды. Бұл жағдай қазақстандық туристер ағынын ішкі курорттарға бағыттауға, отандық туризм саласын дамытуға бірегей мүмкіндік береді.

Партия бағдарламасында ауылдағы ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес түрлерін дамыту бойынша бірқатар шара қарастырылған. Мәселен, бұл шара нарыққа қонақүй қызметтерін ұсыну, демалыс нысандарын салу және фермерлерді агротуризммен айналысуға ынталандыру сияқты қосымша қызметтермен қамтуды көздейді.

Партия өкілдері осы бастамалардың болашағы бар деп санайды. Төлеутай Рақымбековтің пікірінше, Шығыс Еуропаның бірқатар елінде ұлттық мәдениет пен тұрмысты сақтап қалу үшін агротуризм нысандары жұмыс істейді. Олар спорттық демалыс қызметтері мен жергілікті жердің табиғи, мәдени-тарихи және басқа да ресурстарын пайдалануға бағытталған ауылдық инфрақұрылым элементтерін біріктіреді.



«Ауыл» партиясының атынан кандидат, этнодизайнер Бахаргүл Төлеген болса Имантау кентінің тұрғындары үшін қолөнершілік – табыс деңгейін арттырудың болашағы жарқын бағыты бола алады деп есептейді.

Осы маңызды секторды дамыту шағын кәсіпорындардың кең желісін құруды, шағын кәсіпкерлікті және тиімді бәсекелестік ортаны дамыту үшін қолайлы алғышарттар жасайтын жеке қолөнершілер санының өсуін қамтамасыз етуге қабілетті.

Қолөнершілердің икемділігі мен ұтқырлығы экономикалық және әлеуметтік міндеттердің тұтас кешенін шешуге жол салады. Сондай-ақ халықтың, соның ішінде ақыл-ойы, физикалық мүмкіндіктері әртүрлі адамдардың дамуына жағдай жасайды. Әртүрлі білім қоры мен түрлі кәсіби мүдделері бар адамдардың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, олардың шығармашылық әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді.

Партияның сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарынан кейін «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының атынан Парламент Мәжілісіне және мәслихаттар депутаттығына кандидаттар саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өзара шаңғымен жарыс ұйымдастырды.

ӨНІМ САПАСЫ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ ТИІС

Қазақстан халық партиясы (ҚХП) атынан Парламент Мәжілісінің депутаттығына және мәслихаттар депутаттығына кандидаттар Ақмола облысының сайлаушыларымен кездесулер өткізуді жалғастыруда.

Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Меңдібай Қопабаев Ақмола облысы Балқашино ауылының тұрғындарымен кездесіп, партия бағдарламасын таныстырып, ауданның мәселелерін шешу бойынша өз ұсыныстарын жеткізді.

Есіл қалалық электоратымен Есіл аудандық мәслихатына кандидаттар Сәния Исмаилова мен Самат Жортымбаев кездесті. Олар партияның әлеуметтік мемлекет құру жөніндегі он бастамасына және бірқатар өзгерістерге тоқталды. ҚХП мақсаттары мен міндеттерін түсіндіріп, кандидаттар электораттың тілектерін тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап берді. Ерейментау қаласында «Болашақ строй плюс» еңбек ұжымымен кездесу өтті. Ерейментау мәслихатының депутаттығына кандидат Юлия Каркавина ҚХП тұғырнамасымен таныстырып, үгіт материалдарын таратты. Партияның 20 сотық жер беру және тұрғын үй мәселесін шешу туралы ұсынысы көпшіліктің үлкен қызушылығын тудырды. «Біз халық партиясымыз және қарапайым жұмыс адамдарына жақын болуымыз керек. Олардың мүдделерін қорғауымыз қажет», – деді ол.

ҚХП-ның Шымкент қалалық сайлауалды штабы Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың қатысуымен «Халық партиясы – халықпен бірге!» акциясын өткізді. Партия жастар қанатының өкілдері, штаб белсенділері, сенімді өкілдер мен партия кандидаттары үгіт-насихат шарасына қатысты. Оның мақсаты – сайлаушылардың назарын әлеуметтік мемлекет құру жөніндегі партия бастамаларына аудару. Акция Қазақстандағы ең биік ескерткіштердің бірі Бәйдібек би ескерткішінің жанында өтті. Жиналғандар «Халық, жер, әділдік!», «Халық партиясы – халықпен бірге!» деп ұрандады. «Елімізге өзгерістер керек. Қазақстандықтар жақсы өмір сүруге лайық. Қазақстан халық партиясы қарапайым адамның мүддесін қорғалатын мемлекет құруды қолдайды», деп акцияны қорытындылады Мәжіліс депутаттығына кандидат Нұрлан Қалдырқұлов.

Қазақстан халық партиясынан Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар Көкше-



таудағы «Новопэк» ЖШС кәсіпорнында болды. Мұнда полипропилен қаптары, биг-бегтер (жұмсақ контейнерлер) шығарылады. Партия мүшелеріне өндірістік процесс көрсетілді. Олар қызметкерлерде қандай проблемалар мен қиындықтар барын сұрады. Сондай-ақ «Жалақы уақытында төлене ме?», «Зейнетақы қорына аударымдар жасала ма?» деген сұрақтарға жауап алды. Аталған өндірістің өнім сапасын жақсарту, өнім сұранысын арттыру мәселелері де талқыланды. «Біз кез келген кәсіпорынның негізгі міндеті өндірістің толық циклына және экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу деп санаймыз. Отандық компанияларды қолдау мақсатында Қазақстан халық партиясы бірқатар принципті мәселелерді көтереді. Бизнестің жаңа қатысушылары үшін рұқсат беру құжаттарын, ДСҰ және ЕАЭО нормаларын сақтай отырып, салық және кеден баждарын төлеуді екі жылға алып тастау қажет. Қосылған құны жоғары және 90 пайыздан астам оқшауландырылған тауар шығаратын өндірісшілер үшін салықтық және кедендік пайыздық мөлшерлемелерді төмендету керек», деді Қазақстан халық партиясы атынан депутаттыққа кандидат О.Сыздықов.

ҚХП отандық кәсіпорындар өнім сапасын жақсарту үшін үнемі жұмыс істеуі керек, жарнамалық науқан мен өнімді жылжытуға баса назар аударуы қажет деп санайды. «Реформаларды тиімді іске асыру және экономиканың нақты секторын реттеу үшін мемлекеттік және квазимемлекеттік шығыстарды оңтайландыру қажет», деді Мәжіліс депутаттығына кандидат Ж.Ахметбеков.

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН



(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы орайда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді.

Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек.

Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс.

Биыл өйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт نامысы үшін аланға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Біз жыл соңына дейін жаңа тарихымыздағы бірнеше айтулы оқиғаның мерейлі белесін атап өтеміз. 1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша адамзаттың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін ескеріп, арнайы іс-шара өткізу қажет деп санаймын. Елбасы қол қойған Жарлықтың арқасында Қазақстан бүкіл дүние жүзіне ядролық қару-жараққа қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасшысы болып танылды, алып мемлекеттердің сеніміне ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары ел ретінде мойындалды.

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымыз да бүгінде тарихқа айналып, күн сайын алыстап барады. Азаттық танын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шың мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың санылауы да көрінбейтін қиын күндерден қақтығыс пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн.

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін қол томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқылықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызды бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет.

Сонымен қатар, шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың

санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

ҚОҒАМ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кенге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қакқысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқымдай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрылқтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтас өңір көне замандардан бері Түркістан деп аталған. Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз.

Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматарымыз. Көкжайлауда от жағып, қояқсы шашып кеткен де, Көбейтүздің батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көліпкен ойкастаған да солар. Бір тұтамыз үшін көзін мөлдіретін киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ашы да болса, шынық. Біз жеріміздің шын жанапшыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көштеге қояқсы тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жауарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашпайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өтем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал- Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бұрабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жанынан алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бірі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек.

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған соңа соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарда да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты.

Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ешпен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты күдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне ер кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырып тисе лал еткелі тұрған қурай», «failed state» сияқты болжамдарын жокқа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бөрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұттаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – келіп келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз.

Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

ҰЛАҒАТ ПЕН ҰСТАНЫМ

Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтыасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамам және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Құлтөбегейі, Ұлытаудағы ұлы жияндардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз.

Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі.

Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ, реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ, саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүткенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялық Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – қастерлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.



XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген.

Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті.

Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.

Халқымыз «Атың барда жер таны, желіп жүріп» дейді. Кезінде Елбасы бозбала шағында Украинаға аттанып, еңбек, білім және әкімшілік дағдыларына ие болды. Мен де білім қуып Мәскеуге сапар шектім, өзге мемлекеттерде жұмыс істедім. Біздің талай замандастарымыз бүгінгі жастар сияқты алыс шетелдерге бара алмаса да, Кеңес Одағының түрлі қалаларында білім алды. Бірақ, басым көпшілігі қызметін жандандырып, ол жақта біржола қалып қойған жоқ. Елге келіп, еңбек етті. Сондықтан жырақта жүрген жастарымыздан айырылып қаламыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Біздің міндетіміз – олардың бойына мемлекетшілдік рухын сіңіріп, қай жерде жүрсе де туған елдің игілігіне қызмет етуге жұмылдыру. Мысалы, әлемнің ең дамыған елдерінде өз кәсіптерін бастаған және алпауыт компанияларда жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың осындағы замандастарымен байланысын нығайтып, тәлімгерлік етуіне жағдай жасауымыз керек.

Дарынды жастардың бәрі шетелде жүрген жоқ. Ел ішінде де білікті әрі білімді өрендер жетіп артылады. Біз оларды басшылардың жаңа буынын дайындауға барынша тартып жатырмыз. Менің бастамамен құрылған Президенттің кадр резерві – осының айқын дәлелі. Жо-баның келесі кезеңінде қоғам мүддесіне адал көшбасшыларды іріктеуге ерекше назар аударамыз. Билік органдарындағы азаматтар, ең алдымен, ұлттық мүддеге берік болуға тиіс.

«Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан ескелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын.

Біз не істесек те, бөрің келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліне, халқына қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл қоспарларыңды емің-еркің жүзеге асыра алатын, табысына марқайып, әрдайым тілеуінді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық құдіретіне сенемін.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстауымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Ұлтымыздың ұлы ұстыны – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!



Тәуелсіздік жылдары
ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ХХІ ғасырдың 21 жылына аяқ басқан сәтте жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын шын мәнінде қоғам мен мемлекет дамуының басты ұстанымдарын айқындайтын темірқазық деп қабылдаймы.
Президенттің бұл мақаласы – бүгінгі күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қамтып қана қоймай, алдағы бағдарымыз бен бағындырар белестерімізді айқындайтын, қоғамның негізгі құндылықтарын көрсететін, жастар мен өскелең ұрпаққа ұлағатты ұстаным ұсынатын толғаныстарға толы еңбек. Сондықтан да, осы мақала негізінде ел ізгілігін көздейтін маңызды құжаттар, жаңа бағдардамалар, заңнамалық актілер дүниеге келіп, жүзеге асары анық.

АДАСТЫРМАС ТЕМІРҚАЗЫҚ

Президент Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде қол жеткізген жетістіктерді айта келе, ендігі міндет ел егемендігін баянды етіп, Тәуелсіздіктің жауапкершілігін терең түсіну керектігін айтады. Бұл ретте қоғамда қызу талқыға негіз болып отырған тіл, жер мәселелеріне қатысты берік ұстанымын жариялауы қоғамның оң бағасын алатынына сенімдімін. Қасым-Жомарт Кемелұлы тарихи жадыны жаңғырту, ашаршылық, Желтоқсан оқиғасының тарихи-саяси бағасын беру туралы осыған дейін де айтқан бастамаларын тағы бір нығыздады. Президент айтқандай, тарихпен саясаткерлер емес, ғалымдар айналысса тарихи әділдік орнап, осыған дейінгі жіберілген олқылықтардың орны толар еді.

Жер-су атауларына қатысты да Президент ұстанымын уақыт сұранысына сай жарияланды деп санаймын. Елді-мекендерге тарихи атауларын қайтару, декоммунизация жұмысы осыған дейін жүргізілді. Көптеген ірілі-ұсақ қалалардың атауларына дейін ауысып жатыр. Біздің Жезқазған қаласына қарасты да Промышленний, Рыбачий, Комбинатский, Геологический елді-мекендері Қорғанбай, Бекболат сай, Қостанкелді сай, Қабанбай сияқты тарихи атаулар иеленді. Қала көшелеріне де қатысты осыны айтуға болады. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Тарихи жадыны жаңғыртудың бір мысалы ретінде «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің ұйытқы болуымен қаламызда соңғы бірнеше жыл бойында дәстүрлі түрде өтіп жүрген халықаралық күйшілер байқауы, республикалық акындар мүшәйрасы, ғылыми конференцияларды айтуға болады. Қоғамдық бірлестік демеушілер көмегімен әлемге танымал данқты тұлға, батыр, күйші, кемеңгер Кетбұқа бабамызға еңселі ескерткіш орнатты. Алтын Орданың 750 жылдығына орай Жошы хан кесенесі жанынан келісті кешен тұрғызылғаны да осындай игі бастамалардың жарасымды жалғас тапқанының дәлелі.

Президент мақаласында тек рухани салаға қатысты мәселелер қамтылып қоймай, ел дамуының негізін құрайтын саяси жүйені одан әрі жетілдіру жайы да тілге тиек болғаны көптің назарын аудартады. Мемлекет басшысы осыған дейін қолға алынған саяси реформалар ары қарай жалғасатынын анық аңғартты.

«Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ, реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз» деген Президент ұстанымы – қоғамның саяси реформаларға деген сұранысын қанағаттандыратын бастама. Кез-келген оң өзгеріс төмен-

МӘСЕЛЕ – НИЕТТЕ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Егеменге» «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбымен жарияланған мақаласына таңертеңнен бері арқылы пікір айтылып жатыр. Мақала былғыз Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты ортаға түсетін толғамды ойлардың беташары іспетті, еліміздің бас газеті арқылы жаңа жылдың алғашқы шығарылымында жарияланғаны өте орынды болған деп санаймын.

Ел басшысының өткенді ой елегінен өткергенде түйген тұжырымы мен келешекке көз тастағандағы ұстананы бағыт-бағдары бедерленген мақалада маған ұнағаны Президенттің «Мәселе – ниетте» деген сөзі. Шынында да, көп нәрсесі әрбір адамның, сосын әрине, тұтас қоғамның ниетіне байланысты екені анық қой. Біз әдетте мысалы, «Мемлекеттік тіл қашан өз тұғырына қонады?» дегенді жиі айтамыз, осы сұрақтың жауабын бір-бірімізбен қызу талқылап жатамыз. Кейде мәжбүрлеу туралы да айтылып қалады. Бұл қызуқандылықпен айтылып қалатыны болмаса, нақты өмірде жүзеге аспайтын да, қолданылмайтын да әдіс қой. Қалайша біреуді осы тілді біл, үйрен деп мәжбүрлеуге болады. Ағылшын тілін айтпай-ақ қойайық, түрік фирмаларында жұмыс істеп жүрген көптеген інішестер мен қарындастарымыз түрікшеңі өзінң ана тілінен артық білмесе кем біле ме? Олар ниеттенді, үйренді. Қай мектепте немесе қай жерде тіл үйрену курсын ашып түрік тілін оқытып еді? Демек, ниет болса тіл үйренудің еш қиындығы жоқ екен. Әрине, қажеттілік туыру да

керек. Бірақ, мәжбүрлеу мен қажеттілік тудыруды шатастыруға болмайды. Мемлекет басшысы мақаласында қазақ тілін білмейтін отандастарға мемтілді білудің парыз, тіпті міндет екенін акырындап қана ескерттіп өтті. «Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді» деген Президенттің жұмсақ ескертпесінің салмағы ауыр екендігін қазақшаға қырын қарап жүргендер түсінуге тиісті.

Президенттің өз мақаласында кейбір кереауыздардың қазақтың жеріне қатысты бөспесөздерінің негіздігін де, қасиетті жеріміздің саудаға салынбайтынын да нықтап айтқаны шеттегілерді қойып, өз арамыздағы елдің қамын тек өздері ғана ойлайтындай аузы жеңіл, сөзі сұйықтарға да әжептәуір сабақ болғандай екен.

«Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық біра-

Қайрат ӘБСАТТАРОВ,
Жезқазған қаласының әкімі

«ҚАЗАҚМЫС» КОРПОРАЦИЯСЫНДА



Жыл ішінде еңбек қорғау жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру барысында 306 млн. теңгеден астам қаржы игерілді. Атқарылған шаралар нәтижесінде 11 айдың қорытындысы бойынша 597 қауіпті тәуекелділік 488-ге төмендетілді. Компания басшысы атап өткеніндей, жұмысшының қауіпсіздігін тек қаржы бөлу арқылы қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл жерде әркімнің жеке жауапкершілігі қажет. Жарақат алу оқиғаларына жасалған талдау көбінесе адамдардың белгіленген ережені сақтамай, қателікке ұрынуынан бақытсыздық жағдайы орын алатынын көрсетіп отыр. Бұл жерде техникалық сауаттылық аса қажет. Сонымен қатар бақылау-профилактикалық жұмыстарын ұйымдастырудың да өз деңгейінде болмауы осындай кемшілікке ұрындыруда. Жарақат алуды төмендету шараларын жан-жақты жүргізуге алдағы уақытта да барынша көңіл бөлінетін болады.

Тау-кен өндірісі бойынша 2020 жылы 28 млн. 905 мың тонна кен өндіріледі деп болжам жасалуда. Бұл жоспарланғаннан біршама төмен. Бірақ, концентрат құрамындағы мыс бойынша жоспар асыра орындалды. Соның нәтижесінде жаңа жабдықтар мен техникалар алу үшін инвестиция салуға мүмкіндік туып отыр. Жаңа 2021 жылы 29 млн. 180 мың тонна кен өндіру жоспарлануда. Қалған көрсеткіштердің жоспары 2020 жылғы деңгейде болады. Жалпы 2021 жылдың өндірістік жоспарларын ойдағыдай орындау үшін тау-кен және байыту кешендері бойынша инвестициялық бағдарламаға 500 млн. доллар қаржы салу жоспарланған. Бұған 200-ден аса жаңа жабдықтар алу көзделуде. Сондай-ақ, Сарыоба мен Жыланды кен орындарында жаңа кеніштер құрылысы жалғасып, оқпандар қатарға қосылады. Жомарт кенішінде байыту фабрикасының құрылысы жүргізіледі. Нұрқазғанда жаңа нысандар салынып, Құсмұрын мен Ақбастауда кен қабаттарын аршу жұмыстары басталады. Алдағы болашақты көздеп жоспарланған басқа да жобалар бар.

«Қазақмыс» холдингінің басшылығы еңбеккерлердің корпорация құрамында болғандығын мaktan тұтуы үшін еңбек және әлеуметтік жағдайларын жақсартуға айрықша көңіл бөледү. Оның ішінде еңбекәқыны көтеру айрықша назарда. Инфляция деңгейі мен тұтыну себетіндегі бағаның өсуіне орай еліміздегі басқа компанияларға қарағанда, корпорацияда еңбекақы көтерудің елеулі мөлшерде жоғары екені алға тартылды. Мәселен, кейінгі 5 жыл бойы барлық санаттағы еңбеккерлер үшін жалақы жыл сайын көтерілуде. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 2020 жылдың 11 айында орташа жалақы 15%, оның ішінде тау-кен өндірісінде 12%, байыту саласында 22%, металлургия өндірісінде 21%, энергетика саласында 14%, сервистік қызметтерде 17% өсті.

Корпорация тарапынан азық-түлік пен қызмет көрсету бағалары, инфляция деңгейі сарапталып, өмір сүрудің деңгейіне тұрақты мониторинг жасалып отырады. Тұтыну тауарлары мен қызмет көрсету бағаларының одан әрі өсуіне байланысты 2021 жылдың қаңтар айынан бастап еңбекәқыны тағы көтеру туралы шешім қабылданды. Еңбекәқыны жоғарылатудың барысы туралы «Қазақмыс» корпорациясы қызмет істеушілер (персонал) жөніндегі директоры Владимир Лян кейінгі 6 жылдағы өз есебін ортаға салды. Кейінгі алты жылда күнкеріске қатысты инфляция деңгейі 47% көтерілсе, мемлекеттік бюджетте белгіленген ең төменгі жалақы 99% (2015 жылғы 21364 теңгеден 2020 жылы 42500 теңгеге дейін) өсті. Ал, «Қазақмыс» топтарында орташа жалақы 2015-2020 жылдары 81% көтерілді (2015 жылғы 177000 теңгеден 2020 жылы 320 000 теңгеге дейін). Бұл тұрғыда еңбеккерлердің отбасы құрамы, азық-түлікке, дәрі-дәрмекке және басқа да шығындарға жұмсайтын ақшасы ескеріліп, соған орай еңбекақы қоры белгіленіп отыратыны айтылды. Жаңа жылдан бастап жалақы санат түріне қарай біркелкі емес, төнгермелік мөлшерде өсіріледі. Жұмысшы қызметіндегілерге – 5%, желілік қызмет

пен басқару аппаратындағыларға – 7% артады. Сонымен қоса барлықтарына бірдей 10 000 теңге көлемінде үстеме ақы қосылады. Сонда орта есеппен айлық жалақы 8,3% жоғарылайтын болады. Күнкеріске қатысты баға динамикасына 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жағдай бойынша тағы талдау жасалып, соған орай қосымша шешім қабылданады.

Әлеуметтік қолдауға қатысты шаралар да тұрақты жүргізіліп келеді.Пандемияға байланысты барлық еңбеккерлерге екі рет 100 мың теңгеден көмек көрсетілді. Гриппке қарсы вакцина егу, ПТР сынамасын алу тегін жүргізілуде. Коронавирус індеті корпорация ұжымына да айтарлықтай ауыртпалық әкелді. Барлық салаларда еңбек ететін 40 мың еңбеккерден 2200 адам ауырды. Адам шығыны да бар. Төтеннен келген індетпен күреске «Қазақмыс» 21 млрд. теңге қаржы жұмсады. Бұл қаржы негізінен диагностика жасауға, емхана-ларға арнайы жабдықтар сатып әперуге, ПЦР тексерісін жүргізетін зертхана алуға бағытталды.Кәсіпорын еңбеккерлеріне атаулы әлеуметтік көмек көрсетілуде. Көп балалы отбасына қолдау көрсетуде 2020 жылы ауқымды бағдарлама жүзеге асырылды. Жезқазған, Сәтбасв, Балқаш және Қарағанды қалаларында көп балалы еңбеккерлерге барлық қолайлы жағдайы бар, жнҺазбен жабдықталған 133 төрт бөлмелі пәтер сатып әперілді. Іргелі ұжымда 1600 көп балалы отбасы болса, солардың 450-нің басыбайлы баспаналары жоқ. Бірінші кезекте мүгедек балалары бар, немесе 6 және одан да көп балалыларды, табыстары 245 мың теңгеден төмен отбасыларын қамтуға көңіл бөлінуде.Жұмысшы жиналысында бұл бағыттағы игі істің алда да жалғаса түсетіні айтылды. Көп балалы отбасыларына осыншама көлемде баспана әперу, шынын айтқанда «Қазақмыстан» басқа компанияларда кездесе қоймайтыны анық.

Амандық РАХУЛЫ

ҮШ ЖЫЛДЫҢ БЮДЖЕТІ ҚАБЫЛДАНДЫ

Жезқазған қаласының VI шақырылымдағы мәслихаты 2020 жылдың соңғы сессиясын өткізді. Мәслихат хатшысы Советбек Медебаев төрағалық еткен кезектен тыс LVІ сессияға қала басшысы Қайрат Әбсаттаров бастаған әкім орынбасарлары, мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын басшылары және облыстық, қалалық мәслихаттың депутаттары қатысты.

Күн тәртібіне шығарылған мәселелердің алғашқысы 2021-2023 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая баяндама жасады.

– Үш жылдық кезеңге арналған кірістер бойынша параметрлер 2021 жылы 10 598 103 мың, 2022 жылы 11 399 750 мың, 2023 жылы 11 903 826 мың теңге көлемінде болжанып отыр. 2021 жылы 2 396 619 мың, 2022 жылы 1 743 433 мың теңге, 2023 жылы 1 090 247 мың теңге көлемінде жалпы сипаттағы трансферттер қарастырылмақшы, – деп алдағы үш жылдың бюджетін жоспарлаған Виктория Александровна қазына қаржысының қандай мақсатқа жұмсалатынын жіктеп берді. Келер жылы трансферттер есебінен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленіп, мүгедектердің құқықтарын қорғау қамтамасыз етіледі. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында еңбек нарығын дамытуға 232 млн теңге, мәдениет ұйымдарындағы, әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің айлығына қосымша

ақы төлеу үшін 76,3 млн теңге бөлініп отыр. Сонымен бірге, 5 көшенің жолдарына орташа жөндеу жүргізуге 1 млрд, 50 ауланы абаттандыруға 500 млн теңге жұмсау жоспарланған.

Трансферттер есебінен қолға алынатын соңғы екі жобаға қатысты облыстық мәслихат депутаттары Бауыржан Шыңғысов пен Бекзат Алтынбековтің тарапынан сын айтылды. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жоланышлар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі жолдарын жөндеуді жоспарлаған Аманжолов, Смайлов, Асылбеков пен Жанасов, Шевченко көшелерінде әлі ауыз су мен жылу магистралінің құбырлары толығымен ауыстырылмады деп дабыл қакқан депутаттар қыруар қаржыға салынған жолдың ертенгі күні тас-талқаны шығады деп алаңдады. Алаңдауға себеп жоқ деген қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов алдағы үш жылда аталған көшелерде «қазаб» жұмыстары жүргізілмейтініне сендірді. Абаттандырылатын тұрғын үй аулаларының тізімін де нақты ұсына алмаған коммуналдық саланың басшысы мен орын-



басары үшін Қайрат Әбсаттаровқа жауап беруге тура келді. – Тұрғын үй аулаларын абаттандыру жобасы өте күрделі екенін мойындаймыз. Мен осы салаға жауапты тұлғаларға бұл мақсатқа бөлінген 500 млн теңгені тиімді пайдалану міндетін қойып отырмын. Олар қай көшенің қай ауласы, қандай кейіпке енетіні туралы ақпаратты 10 қаңтарға дейін ұсынады. 50 ауланы бір-біріне ұқсамайтынды етіп абаттандыруды жоспарлап отырмыз, – деген Қайрат Бектайұлы халық қалаушыларының «Наурыз» саябағын жөндеу ұсынысын да қабылдады. Әкімнің айтуынша, алдағы жылы «Руханият» концепциясы шеңберінде Жезқазғанда Абай Құнанбайұлының және әйгілі ақын-жазушылардың ескерткіштерін орнату жоспарланған. Ескерткіш орнату кезінде қоғамдық орындарды жаңғыртуға да баспа назар аударылмақ.

Сондай-ақ, «Жезқазған қаласының 70 жылдығына – 70 игі шара» жобасы аясында да мыс-ты қала шырайланып, көркейе түспек.

Республика мен облыстық бюджеттен қарастырылған қаржыға Алаша хан данғылынан да екі көп қабатты тұрғын үй тұрғызуды, қалаішілік су құбырлары желісін жаңғыртуды, қаланың Батыс ауданына инженерлік-коммуникация тартуды, газ тарту желілерін салу мен жылу желілерін қайта жаңартуды жоспарланған келер жылдың бюджеті қабылданған сессия марапаттау рәсімімен қорытындыланды. Қалалық мәслихаттың депутаттары Әбдірахман Досанов, Виктор Сотников пен Дәулет Тәжібаев, Станислав Филипович Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын иеленсе, Светлана Жумкина мен Бақытжан Көпбаевақ Алматы хат тапсырылды.

Дяна ОРАЗАЛІНА

САУАЛНАМА

ТАҢДАУ ЖАСАЙТЫН КҮН

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әйгерім БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ,
Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті:

– Мен сайлауға бірінші рет қатыскалы отырмын. Маңызды оқиғаның қатысушысы болатыныма біраз қобалжып отырғаным жасырын емес. Қанша дегенмен бұл – еліміздің алдағы бес жылдық кезеңдегі тағдырын шешетін жауапкершілігі мол күн. Шынтауытна келсек, менің қатарластарымның пікірі екіге жарылған. Алғашқылары сайлауға белсене қатысып, өз таңдауын жасауды маңызды міндеті

ретінде санайды. Соған сай, қазір ғаламтор және әлеуметтік желілердегі сайлауға, додаға түсетін партияларға қатысты жаңалықтарды қалт жібермей қарап отырады.

Дегенмен достарымның арасында сайлау болатынынан бейхабар, не оған аса қатты көңіл бөлмейтіндер де бар. Олар өз таңдауларын жасауға құлықсыздау. Қос тараптағы достарымның басы бірігіп, сайлау туралы әңгіме қозғала кетсе, қызу пікірталас орын алады. Әрқайсысы өз ойларын ортаға салып, барынша пікірлерінің дұрыстығын қорғап бағады. Ия, әр адамның пікірі құнды. Мен сайлауға барып, шынымен халқының қамын жеп, елінің жола-

шағына жаны ашитын, уәдеге берік, билікке лайық партияға дауысымды беремін.

Байқап қарайтын болсақ, билығы сайлау бұрынғыларынан өзгерек. Бұл жолғы депутаттыққа үміткерлер арасында жастардың үлесі басым. Жастың аты – жас қой. Жастар жаңашылдыққа үйір. Алдыңғы буын ағаның жөнді қол сілтеуімен жастар қауымына да мүмкіндік берілсе, олар атқарар шаруа мен бағындырар белестер аз болмасы анық. Осы сайлауда дұрыс таңдау жасай білетін болсақ, келешегіміз кемел, болашағымыз жарқын болатынына сенемін.

Дайындаған:
Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БОЛАШАҚТЫ БАҒДАРЛАҒАН

«Nur Otan» партиясы еңбек ардагерлерінің қолдауына ие



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Қарағанды облысының Құрметті азаматы атанған Төлеген Бүкіров төрағалық ететін «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» ҚБ мүше еңбек ардагерлері «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінге «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасымен танысты.

Ел дамуының болашағын бағамдап берген бағдарламаның басым бағыттарымен Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығына кандидат Ерлан Кенжебеков пен Алмас Ахатов бастаған Мұрат Бөрібаевтың сенімді өкілдері Нұрғали Есілбаев пен Айнуір Жүсіпова түсіндірі.

– «Жаңбырмен жер, батамен ер көгерер» деген халықтың ұрпағымыз. Өзімізді қалалық мәслихат депутаты қызметінде сынап, бойымыздағы бар тәжірибеміз бен қағыт-қайратымызды туған жердің көркеюіне арнамақ ойымыз бар. Осы ретте, бізге, яғни жастарға алдыңғы толқын ағалардың қолдауы ауадай қажет. Елбасы, Партия лидері Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай біз бір жудыарқыдай бірігіп, бір-бірімізге тілеуқор болғанда ғана ел басына түскен қиындықты еңсеріміз, – деп кездесуді ашқан кандидат Ерлан Темірұлы партияның Жезқазған қаласы бойынша жедел ағымды жоспарларын тілге тиек етті.

Естеріңізге сала кетсек, «Nur Otan» партиясы облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі елді алаңдатқан мәселелерді түгел електен өткізіп, оларды шешу жолдарын қамтыған 216 өңірлі сайлауалды бағдарлама жасақтады. Партияның алдағы бес жылда атқарылуы тиіс жоспарларын шоғырландырып құжатты қабылдау кезінде 17 мыңнан астам ұсыныс ескерілген. Жезқазған қаласының сайлауалды бағдарламасында еліміздің жетекші партиясы экономиканы дамытудың тұрақтылығын қамтамасыз етуді, жұмыспен қамуды сақтау және жаңа жұмыс орындарын құруды, қаламызды өмір сүру үшін қауіпсіз әрі жайлы етуді өз міндетіне алып отыр. Дамудың жеті бағытын қамтыған құжатта жезқазғандықтарды көп-

тен бері алаңдатқан сапалы ауысу мен экология, коммуналдық салада қордаланып қалған мәселелерді оңтайлы шешу жолдары көрсетілген. Атап айтқанда, көшбасшы партия 2023 жылға қарай қала халқы 100 пайыз орталықтандырылған су жүйесімен жабдықтап, 15 шақырымдық Есқұла су құбырының құрылысын аяқтауды, ұзындығы 196 км қалашілік су желілерін қайта құрылымдауды, Үйтас-Айдос су құбырының 44 шақырымын жаңартуды көздеп отыр. Осылайша, таза суға қолжеткізетін мысты өлке тұрғындарының сапалы медициналық қызметтің, сапалы жол мен инфрақұрылымның игілігін көретін күн алыс емес. Азаматтарды қолжетімді баспанамен, бұқаралық спортпен, сапалы біліммен және мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткішін жоғарлату мақсатында да бірқатар жобалар қолға алынбақ. Ерекше қажеттілігі бар тұрғындарға кедергісіз орта қалыптастыру партия жанындағы қалмағаны тағы бар. Жыл сайын 200 мүмкіндігі шектеулі азаматты жұмыспен қамтуды, 24 дыбыстық бағдарламаны орнатуды, бірінші әлеуметтік қызмет порталын іске қосуды ойластырған «Nur Otan» ауылдағы ағайынның да қамын қарастырып қойды. Алдағы жылдары Жезқазғанға қарасты Талап, Кенгір мен Малшыбай ауылдарын кенжолакты интернет жүйесімен қамту, жолдарын жөндеу, абаттандыру сынды маңызды мәселелерге көңіл бөлінген.

Қазақстанда қазіргі экономикалық қиындықтан шығарып, ел азаматтарының әл-ауқатын көтеруді мақсат еткен «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы еңбек ардагерлері «халыққа берері мол құжат» деп бағалады. Ақ жаулықты аналар мен ақсақалдардың атынан кандидаттарға батысын берген Төлеген Бүкіров «нұротандық» кандидаттар алдағы сайлауда жеңімпаз болатынына сенім артты. Сондай-ақ, 13 мың еңбек ардагері мүшелік ететін «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы «Ардагерлер кеңесі» ҚБ Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының көреген саясаты мен «Nur Otan» партиясының бетке алған бағытын қолдайтынын жеткізді.

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.

«NUR OTAN» – БЮЛЛЕТЕНЬДЕ ЕКІНШІ! ӨМІРДЕ БІРІНШІ!»

кең көлемді акциясына үн қосты

Нұротандықтардың үгіт-насихат жұмыстары қызу жүріп жатыр. Депутаттыққа үміткерлер демалыс күндері де тыным таппай, халықпен жүздесіп, сайлауалды бағдарламаларын түсіндіруде. Кандидаттар әлеуметтік желілерді де оңтайлы пайдаланып жатқанын атап кетпесе болар. Әлеуметтік желіде бастау алған акцияларының бірі – «Nur Otan» – Бюллетеньде екінші! Өмірде бірінші!» челленджі. Партияның сайлауалды бағдарламасын насихаттап, бүгінге дейінгі қолжеткізген жетістіктерін паш етуді мақсат еткен челленджге кандидаттармен қатар «Nur Otan» партиясының белсенді мүшелері мен жастар да үн қатты.

Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығына кандидат №13 орта мектептің директоры Үмітжан Жасыбековқа мен кешкі мектептің директоры Айгүл Сарыбаева («Фойбук» пен «инстаграм» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында оқырмандарын 10 қаңтарда ететін сайлауда «Nur Otan»-ды таңдауға шақырып жатты. Еліміздің көшбасшы партиясының көптің тамашауына ие болуына себеп те жоқ емесітігін нақты істерімен дәлелдеп жазды.

– «Nur Otan» – Бюллетеньде екінші! Өмірде бірінші! Партия бағдарламасының жобасында нақты қаржымен бекітілген 258 нақты шара бар. Бағдарлама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының қисынды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның бастапқы жобасына Мемлекет басшысының 2020 жылғы Жолдауының 55 тапсырмасы қосылма енгізілді. Ал, өңірлік сайлауалды бағдарламалар жекелеген аудан мен қаланың өзекті мәселелерінің қайығын қамтуы. Қамтып қана қоймай жеті жолдарын да нұсқады, – деген үміткер Үмітжан Жасыбековтың қариялар мен көмекке мұқтаж жандарға қамқорлық көрсету – «Nur Otan» партиясының басты ұстанымдарының бірі екенін тілге тиек етті. Естеріңізге болса, пандемияның салдарынан туындаған қиын кезеңде партия «Біргеміз»

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.

Өңір тіршілігі қайта жанданады

Үй-үйді аралап, партияның сайлауалды бағдарламасын насихаттайтын «Есіктен – есікке» акциясы аясында Жезқазған қалалық мәслихаты депутаты болуға үміткер кандидаттар мен олардың сенімді өкілдері қаланың әр көшесі мен әр ауласындағы тұрғын үйлерді қамтуды мақсат етті. Партияның жетістіктерімен, қоғамдық қызметтерімен және сайлауалды бағдарламамен таныстырып, ұнпақтар таратқан қалалық мәслихат депутатына кандидат Советбек Медебаевтың сенімді өкілі Александр Ким мен кандидат Виктор Сотников Пушкин мен Жанасов көшелерінде орналасқан үйлердің тұрғындарымен жүздесті.

Жетекші партияның 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасында барша қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырып, көптен қордаланған түйткілді мәселелерін оңтайлы шешу жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, алдағы кезеңдерде атқарылуға тиісті бірқатар жаңа жобалар жоспары мен дамудың бағыт-бағдары әзірленген бағдарламада халықтың пікірі ескерілген. Бұл сөзімізге Жезқазған қаласының сайлауалды бағдарламасының өзі дәлел болса керек. Мұнда жезқазғандықтарды толғандырып барлық мәселелер қамтылып, оларды оңтайлы шешу жолдары ұсынылған. Сол туралы Александр Ким:

– «Nur Otan» партиясы азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жаңа-жаңғы арттыруды, өркімің таза суға, ауаға және сапалы инфрақұрылымға қол жеткізуін қолдайды. Сондықтан, партия өңірлік бағдарламаның «жайлы қала» деп аталған тарауында мысты өлкенің жол және көлік инфрақұрылымын, тұрғын үй-коммуналдық саласын жаңғыртуға, сондай-ақ қолайлы экологиялық жағдайды сақтауға бағытталған «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы», Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ау-

данын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған Кешенді жоспары жобаларын іске асыруға жәрдемдесетін болады. Осы ретте партия алдағы бес жылда жергілікті маңызды бар автомобиль жолдарының үлесін 85% - ға дейін жеткізіп, 2025 жылға қарай қала бойынша бір тұрғынға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткішін 27,3 шаршы метрге дейін ұлғайтуды көздеп отыр, – деді.

Аталған акция аясында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген кандидаттардың қатарында облыстық мәслихаттан үміткер Бекзат Алтын-бекзаттың да бар. Ол қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Светлана Жумкинамен бірге 90-95 орам мен 7 шағын ауданның тұрғындарын аралады.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әзірленген партия бағдарламасы көптің көңілінен шығатынына сенім мол. «Партия жұмысының оң коэффициенті азаматтарымыздың өмірін жақсартатын нақты шешімдерге байланысты болмақ. Бос сөз бен құрғақ уәде емес, нақты әрекет қана халық сеніміне және саяси көшбасшылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан партия мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуды мықтап қолға алады. Бұл стратегиялық сипаттағы міндет. Мемлекет-



тік басқару жүйесіндегі лауазымды қызмет атқаратын партия мүшелері еңбекқорлықтың, саяси жауапкершілік пен азаматтық патриотизмнің айқын үлгісі болуға міндетті. Партиямыздың мүшелері болашақта да осы үлдеден табыларына күмән келтірмеймін» деп партия бағдарламасына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз қолдауын білдірген болатын. «Nur Otan» партиясы тұғырнама негізінде әрбір аймақтың қажеттілігін де естен шығармай, аймақтық сайлауалды бағдарламаны да жүзеге асырмақ. Бұл – жезқазғандықтар үшін таптырмас мүмкіндік, – деген кандидат Бекзат Алтынбеков тұрғындар мүддесі үшін қызмет етуге әзір екенін жеткізіп, сайлаушыларды «Nur Otan» партиясын таңдауға шақырды.

Жезқазған қаласын дамытудың бағдарламасымен жіті танысқан тұрғындар өңірдің тіршілігі қайта жанданып, күретауына қан жүгіретініне қуанышты екендерін жасырмай, кандидаттарға ақ батасын беріп, алдағы саяси додада жеңіс тіледі.

– Тәуелсіздігімізді жариялаған 30 жылдың ішінде еліміздің іргесі бекіп, шекарасы айқындалып,

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.

ІСКЕР ӨЙЕЛДЕР ПАРТИЯМЕН БІРГЕ

Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығынан үміткер нәзікжанды кандидаттар «Жезқазғанский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпабаева, тарихи-археологиялық музейдің директоры Раушан Қапарова мен №13 орта мектептің директоры Үміт Жасыбековқа үгіт-насихат жүргізу барысында іскер әйелдер қауымдастығының Жезқазған аймағы бойынша төрайымы Айман Исинамен жолықты.

2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы қамтылған «Nur Otan» партиясының басты құжатында ел экономикасын нығайту мен халықтың әл-ауқатын арттыруға баса мән берілгенін алға тартқан кандидаттар қауымдастықтың төрайымы «Nur Otan» партиясының Жезқазған қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарынан хабарлар етті. Сайлауалды бағдарламада мысты өлкені дамытудың жеті басымдығы көрініс тапқан. Олар: экономикалық тұрақты қала; жайлы қала; әлеуметтік бағдарланған қала; жастарға арналған қала; тарих пен мәдениетті дамыту; ашық және есеп беретін жергілікті органдар; қауіпсіз қала. Аталған бағыттар бойынша Жезқазғанда нақты істер жоспарланып отыр.

Дамудың осы жеті бағытын қамтыған құжатта жезқазғандықтарды көптен бері алаңдатқан сапалы ауысу мен экология, коммуналдық салада қордаланып қалған мәселелерді оңтайлы шешу жолдары көрсетілген. Атап айтқанда, көшбасшы партия 2023 жылға қарай қала халқы 100 пайыз орталықтандырылған су жүйесімен жабдықтап, 15 шақырымдық Есқұла су құбырының құрылысын аяқтауды, ұзындығы 196 км қалашілік су желілерін қайта құрылымдауды, Үйтас-Айдос су құбырының 44 шақырымын жаңартуды көздеп

отыр. Осылайша, таза суға қолжеткізетін мысты өлке тұрғындарының сапалы медициналық қызметтің, сапалы жол мен инфрақұрылымның игілігін көретін күні де алыс емес. Қазір еліміздің алдында бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалған мемлекеттер тобына қосылу мақсаты тұр. Осы орайда партияның сайлауалды бағдарламасы шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше ден қойып отыр. Мысалы, «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық сайлауалды бағдарламасы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің 45 жаңа жобасына, «Еңбек» бағдарламасы бойынша кемінде 30 жобаға, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде кемінде 5 жобаға жыл сайынғы қаржылық қолдау көрсетуді жауапкершілігін өз мойнына алып отыр. Бұл қолдау шаралар 2025 жылға қарай шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын 6 мың бірлікке дейін, ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар санын 14 мыңнан 14,6 мыңға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мысты өлкені өркендетудің жоспарынан әбден қаныққан кездесу қатысушылары іскер әйелдердің қатысуымен ел игілігі үшін атқарылуы тиіс ауқымды жобаларды талқылады. Атап айтқанда, кандидаттар әңгіме барысында Жезқазған



қаласының көпшіесін қатар әр ауласын жасыл желекке орап, гүлденіру үшін кең көлемді акция ұйымдастырып, күш біріктіремекші. Тал отырғызып, гүл өту науқанын 2021 жылдың көктемінде өткізуге уағдаласқан олар акцияға әрбір тұрғын үн қосып, қалаға деген жанапшырлығын танытса деген тілек те білдірді.

Кездесу соңында халық мүддесін бөрінен жоғары қойған «Nur Otan» партиясын қолдау арқылы әр азамат Қазақстанды ертеңгі жарқын болашағын таңдайтынын тілге тиек еткен кандидат Раушан Онконьсықызы Партия лидері Нұрсұлтан Әбішұлының бастамаларын өміршен етуге үлес қосуға шақырды. Ол үшін сайлаушылар 10 қаңтарда өтетін сайлауға белсене қатысып, өз дауысын «нұротандық» кандидаттарға беруі керек. Қазақстандықтардың сеніміне селкеу түспей, ел дамуы жолында аянбай еңбек ету – «Nur Otan» партиясы мен оның кандидаттарының басты бағдары.

Ұдайы игі істердің басы-қасынан табылатын Айман Байболқызы жезқазғандық іскер әйелдердің атынан кандидаттарға зор қолдау білдіріп, олар «Nur Otan»-мен бірге екендерін айтты.

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.

ЖАСТАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Бүгіндей сәт сайын тоқтаусыз жаспары, түрлі үздіксіз үдерістер жүріп жатқан уақыт жастардың да бір мезет тосымалы дамуын талап етеді. Соған сай ардайым ізденіс үстінде жүретін «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы жанындағы «Jas Otan» жастар қауымының мүшелері де сайлау қарсаңында өз белсенділіктерін барынша танытуға тырысуда. Жастандықтар қатысуымен өткен шаралардың бірі «Менің таңдауым – «Nur Otan» челленджі. Аталған челлендж арқылы олар әлеуметтік желілерде замандастарына 10 қаңтарда «Nur Otan» партиясын таңдауға ой салды.

– «Nur Otan» партиясы билік пен халық арасындағы алтын көпір іспетті. Біздің партия бүгінге дейін ел тұрғындарының игілігі үшін көмек қолын созып, күрделі де күрмеулі мәселелер сұрақтарына жауап іздеумен келеді. Осы жылдар ішінде «Nur Otan» нақты өнжігенін, ілкімді істің партиясы атанып, елдің көңілінен шыға білді. Бұған көреген көшбасшы, сарабалдас саясаткер Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Әр отбасының тұрмысын жақсарту жөнінде ауқымды жұмыс атқарылып, жүзделген жаңа кәсіпорындар, жолдар салынды, жүзделген мың жаңа жұмыс орындары пайда болды. Жаңа балабақшалар мен мектептер, ауруханалар жұмыс істеп тұр.

Жаңа университеттер, кітапханалар, театрлар, концерт залдары, стадиондар, спорт алаңдары ашылды. Ең бастысы – халқымыздың рухы қайта өрледі» деген сөздері де айғақ бола алады. Мен осындай Қазақстан халқының басым бөлігі сенім білдірген, өз ісіне жауапты, үлдеге мығым партияның мүшесі екенімді мақтан етемін. Біз, ел жастары Тәуелсіз Қазақстанның болашағы үшін маңызды саналатын қол іске болмасын бей-жай қарамауымыз қажет. Сол себепті де сіздерді 10 қаңтар күні өтетін сайлауға белсене қатысып, маңызды шешім шығарумен тасада қамқарлауымызды сұраймын, – деген жастандық Нұрғұл Талғатбекованың үндеуін одан әрі Досан Мұ-

хамедғали, Жаная Марат, Әділет Әбілжанов жалғады. Олар негізден «Nur Otan» партиясына мүше болғандықтары туралы әңгімелері мен алдағы маңызды шараға қатысты өз ойларын білдірді. Челлендж барысында оқырмандар тарапынан түскен сайлау ережесі, тұрғылықты мекеңжайға байланысты сайлау учаскесін анықтау және оны ауыстыру сынды сауалдарға да тұшымды жауап берілді.

Жастардың қолдауына ие болған «Nur Otan» партиясы ел болашағы саналатын, қоғамның қозғаушы күші жастарға жан-жақты қолдау көрсетуді де назардан тыс қалдырмайды. Сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқыту, бизнеске бет

бұрған жастарға қайтарымсыз грант беру, төменгі мөлшерлемесі несиесі ұсыну сынды қолдаулармен қатар студенттердің шәкіртақысын, магистранттар мен докторанттардың стипендиясын көтеру, колледждер мен университеттер жатақханаларында кемінде 50 мың жаңа орын енгізу де партияның алға қойған жоспарларының қатарында. Алдағы бес жылда жезқазғандық жастар үшін келесідей игіліктің ұсынылмақ. Олар: жыл сайын жастар арасынан кемінде 2 мың адамды жұмысқа орналастыру; «Жасыл ел» еңбек жасатарын ұйымдастыру арқылы жазғы кезеңде кемінде 150 жаңа жұмысқа орналастыру; өз ісін ашуға және бизнесті енгізуге жыл сайын 5 кредит болу; жыл сайын 3 волонтерлік жобаны іске асыру арқылы волонтерлік қызмет желісін кеңейту. Нәтижесінде жастар саясаты саласындағы іс-шаралармен 11 мың жас қамтылады деп жоспарлануда.

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттығына кандидат Марат Ибаттоевтың сенімді өкілдері онлайн форматта Жезқазған қаласындағы қаржы секторының қызметкерлері үшін кездесу ұйымдастырды.

«Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарын түсіндіруді мақсат еткен үгіт-насихат кездесуінде Жезқазған қаласын дамытудың бағдарламасы да таныстырылды.

Жезқазған қаласының сайлауалды бағдарламасында еліміздің жетекші партиясы экономиканы дамытудың тұрақтылығын қамтамасыз етуді, жұмыспен қамтуды сақтау және жаңа жұмыс орындарын құруды, қаламызды өмір сүру үшін қауіпсіз әрі жайлы етуді өз міндетіне алып отыр. Дамудың жеті бағытын қамтыған құжатта жезқазғандықтарды көптен бері алаңдатқан сапалы ауысу мен экология, коммуналдық салада қордаланып қалған мәселелер, атап айтқанда ауыз су, экологияны жақсарту, инфрақұрылымды дамыту мен медицина саласының қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылдау жоспарланған. Азаматтарды баспанамен, бұқаралық спортпен, сапалы біліммен және мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткішін жоғарлату мақсатында да бірқатар жобалар қолға алынбақ. Ерекше қажеттілігі бар тұрғындарға кедергісіз орта қалыптастыру партия назарынан тыс қалмағаны тағы бар. «Nur Otan» партиясы ауылдағы ағайынның да қамын қарастырып

қойды. Алдағы жылдары Жезқазғанға қарасты Талап, Кенгір мен Малшыбай ауылдарын кенжолакты интернет жүйесімен қамту, жолдарын жөндеу, абаттандыру сынды маңызды мәселелерге көңіл бөлінген.

Алдағы жылдары мемлекеттік «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламалары аясында кәсіпкерлікті өркендетуге арналған қолдау шаралары кеңейтіліп, бәсекеге қабілетті және импортты алмастыратын өнімдер шығаратын жаңа өндіріс орындарын ашуға басымдық берілетінінен хабарлар болған банк қызметкерлері Елбасының қолдауын ұдайы сезінетіндерін ала тартып, әр қазақстандыққа лайықты өмір сыйлауды мақсат еткен Нұрсұлтан Әбішұлы бастаған «Nur Otan» партиясы мен оның кандидаттарын таңдайтынын айтты, алдағы сайлауда «нұротандық» кандидаттардың жеңіске жетуге тілектестік білдірді.

– Біз халықпен және «Nur Otan» партиясымен бірге бөрінен де еңсереміз. Ең бастысы, біз біргеміз және біздің барлық күш-жігеріміз Қазақстан халқының игілігіне бағытталған. Түрлі қилы заманды жасап кешкен қазақ халқы ауыз-бірілілігінің арқасында талай нәубетті артта тастап, жеңімпаз болып келеді. Бұл өтпелі кезеңде де Қазақстан мен оның халқы сөзсіз жеңімпаз болады. Бұған сеніміміз кәміл. Өйткені, бізде елдің қамын ойлайтын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, «Nur Otan» бар. Олар Қазақстанға жарқын болашаққа бастайды, – деп онлайн-кездесуді қорытындылаған сенімді өкіл қаржы секторының қызметкерлерін 10 қаңтарда бюллетенде екінші тұрған «Nur Otan» партиясына дауыс беруге үндеді.

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.

XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялыларының өмірі мен атқарған қызметтері бүгінгі егемен елдің жоғары Отан қайраткерлерін тәрбиелеуде үлкен мәні бар. Себебі, ұлтқа қызмет етудің өзі тарихта із қалдырған қайраткерлерге еліктеуден басталады. Мақсаты – XX ғасырдың басындағы алаш зиялыларының көтерген өзекті мәселелері тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінде маңызын жоймағанын айтып, тарихи сабақтастықтың айғағын көрсету: Себебі, тарихтан сабақ алмай, оның бай тәжірибесінен үйренбей, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Тәрбиенің басы – тарих. Тарих арқылы Отанды, өз ұлтын, өзін қадірлеуді үйретуге болады. Патриоттық тәрбие беруде маңызы өте зор.

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ АРДАҚТЫ ЕСІМДЕРІ...

Әлихан Бөкейхан – бүгінгі тәуелсіздіктің қайнар бұлағы. Әлихан Бөкейхан – әлемдік деңгейдегі саясаткер, алып тұлға. Ол Әз Жәнібектен, Керейден, Абылайдан кейін қазақ мемлекетін жаңғыртып, XX ғасырға сай қайта құру ісіне бар өмірін аямай сарп етті. Осы ұлы істе алты алаштың ту көтерер өр ұлдарын соңынан ертті. Ендіше осы алып тұлғаның өз ұрпақтары туралы да зерттеу бүгінгі күннің талабынан туындап отыр.

Лиза апай туралы тек Әлиханның қызы ретінде жазуға да болатын еді. Бірақ ол аздық етеді. Ол кісінің өз басы жеке дара тұлға болатын, ол кісінің есімімен біздің отбасымыздың ғана емес, онымен кезінде ұшырасқан көптеген жандардың қилы жағдайлары тікелей байланысты. Ол туралы жазудың маған мейлінше ауырлығы сол, себебі ол кісі менің көзқарасымның қалыптасуына бағыт-бағдар берген адам еді. Ол кісі менің рухани апам болатын, Елизавета Әлиханқызы әке-шешесінің ең асыл қасиеттерін сіңірді. Анасы Ольга Яковлевна мейлінше жұмсақ әрі мейрімді адам болғанға ұқсайды. Омбы қаласында тұрғанда қазақ балаларына орыс тілін үйретіп, ұстаздықпен айналысқан. Лиза апайдың маңында болған соншама уақыттың ішінде мен не көршілері, не қызметтестері жөнінде бір де ашулы сөз естіген емеспін, қанша бір ширыққан жағдайда да қалпынан шығып, ашу-ызаға жол беріп, долданғанын көрген емеспін.

Елизавета Әлиханқызы адамгершілігі, достарына деген ақ ниеті жоғары, жақсылыққа деген ізгі пейілі, қашанда біреуге көмектесіп, демеп жіберуге әзір ынтасы әкесінен дарыған болуы керек. Елизавета Әлиханқызының әкесіне тартқан қасиеттерінің бірі он істі қорғағанда айрықша принципшілдігі, жеқсұрындық жөнінде мәмілеге келмейтіндігі, партия ісіне берілгендігі және қоғамдық жұмыс дегенде тыным таппайтындығы болатын.

Лиза апай өмірдің катал сынынан өтті. Жастайынан әкесінің жанында жүріп қуғын-сүргін көрді. 1941 жылы жалғыз баласы Ескендір Садуақасов та жасына екі жасты қосып жазғызып, шешесінен жасырын халық жасағына өтіп кетеді де, соғыстың алғашқы айларында оққа ұшып қаза тапты.

1942 жылы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда алғашқылардың бірі болып Елизавета Әлиханқызы Солтүстік-Батыс майданының медициналық госпиталіне қызмет етуге аттанады. Соғыс аяқталғанша Солтүстік-Батыс майданда дәрігерлік қызмет атқарып, майдан даласынан майор атағымен және көптеген наградалармен оралды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Солтүстік-Батыс майданда ерен ерліктің үлгісін көрсетуі, қажырлық көрсетуі, адал қызмет жасауы әкесінен дарыған ерекше қасиеті шығар.

Әлихан Бөкейханның бір таң қалатын қасиеті – өзінің ұстанған ісіне өмірінің соңғы деміне дейін шын берілгендігі. Қазақ мүддесіне келген уақытта Әлихан Бөкейханов еш уақытта ойланған емес, пікірінен ауытқыған емес. Бір-ақ ұстанымда болды, қазақ мүддесіне бүкіл өмірін сарп етті, тұлға ретінде, қайраткер ретінде жарқырап көрінді, ешуақытта сақтықпенді жасамады, Осындай қайраткердің, ұлы тұлғаның отбасында өмірге келгендігі шығар Елизавета

Әлиханқызы да өмірінің соңына дейін өзінің ісіне адал болуы, әкесінің салып кеткен сара жолынан ауытқымауы таңғаларлық емес. Ұрпақтың өзіндік ерекшелігі де осында.

Балғын балалық шағын Лиза, шындығына жүгінсек, әке тәрбиесінен көрмей өткізді десе болады екен, өйткені ол кісі үнемі саясат пен журналистік қызметпен бір босамайтын.

Жаз бойы Лиза міндетті түрде Тоқырауындағы әкесінің туған жерінде өткізетін. Онда ол өзінің етбауыр туыстарының, ең бастысы әжесі Бежекемнің қасында болып, масайрап, бой жазатын. Бежекем Лизаның шешесін жақтыра қоймапты, себебі ұлының әйелі орыс болғанына көңілде алмай өтіпті.

1923 жылдың сәуірінде Лиза саяси қайраткер ғана емес, сонымен қоса драматург, қазақ тарихында ағарту жұмысын ұйымдастырушы ретінде танымал қоғам қайраткері Смағұл Садуақасовқа тұрмысқа шығады. Тағдырдың жазуымен жолдасынан ерте айырылды. Ол Смағұл мен екеуінің үйінде тайлап болған достары Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Нығмет Нұрмақовтармен жақсы жолдас болды, ал Дөмеш Әлиханқызы Ермековмен өмір бойы дос болып өтті.

1930 жылы Кремль ауруханасында тосынан жолдасы Смағұл Садуақасов қайтыс болды. 1937 жылы әкесі Әлихан Нұрмұхамедұлын Бутыркоға алып кетеді. Лиза Әлиханқызының қолында көмелетке толмаған ұлы Ескендір қалды. Сол кезеңдерден бастап түсініксіз қуғын-сүргін басталды.

Осы бір қысылтаңн шақта бұрынғы Денсаулық Халкомы, сол тұста Дәрігерлер білімін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі Н.А. Семашко шынайы адамгершіліктің үлгісін көрсетіп, нағыз азаматтығын танытады. Ол Әлиханды жақсы білетін еді және сол бір сұсты да сүренсіз жылдары Лиза апайға мейірін төгіп, оны алғашында лаборанттық жұмысқа шақырып, содан соң ғылыми қызметкерлікке орналастырады.

Лиза Әлиханқызымен алғаш рет 1955 жылы Ленинградта кездестім. Ол жаққа институтқа емтихан тапсыруға барған болатынмын. Осылайша, мен Лиза апаймен ол кісі өмірден өткенше 15 жылға жуық араласып тұрдым. Лиза апай жайында менің жадымда жүрекке жылы және жайлы естеліктер қалды. Ол – менің көзқарасымның қалыптасуына бағыт-бағдар берген адам, Дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында көп жыл декан болып қызмет атқаруы, ұзақ жылдар бойы осы институтта партия ұйымының басшылығына сайланып отыруы бекер емес. Соғыстан кейінгі жылдары КСРО-да аса белгілі ғалым, дәрігер, В.А. Семашко сынды беделді де адамгершілігі асқақ адамның кафедрасында ұзақ уақыт қызмет еткенінің ықпалы болды.

Соғыстан кейін Елизавета Әлиханқызы әскери қызметтен босап, сол кезде Медицина

ғылымы академиясының бір институтының ғылыми хатшысы болып қызмет атқарды. Осында жүріп кандидаттық диссертациясын қорғады. «Жұмыстан бас алмаймын, зерігуге қол тимейді. Мен өзіме қымбат соншама адамдардан айырылдым, сондықтан өзім бақытты болу үшін күш-қуат іздейтіндей емеспін. Мен толассыз іс үстіндемін – жұртта тайалды, өзімде білемін, жұмысты жаман атқармаймын. Келешекте докторлық диссертация болып қалуы ықтимал, жұмыс әзірлеп жүрмін. Жалпы тұрмысым жаман емес, бірақ бұл нағыз өмір емес қой, менің барымды соғыс жайлап кетті. Кенемнің қазасы нағыз аналық шаттығымды жұлып әкетті ғой, бірақ сол үшін мені кінәлауға бола ма? Мен соның бәрине қайыспай төзе аламын, жұрт, сірә, мен соның бәрін жең-жіңіл көтереді деп ойлайтын шығар. Саған ғана, бірінші рет осылай жазып отырмын. Зауқың соқса хат жазарсың. Мен ойында қалған адамдардан хабар алсам, мерейленіп қалар едім. Менің атымнан ұлдарының бетінен сүйі. Бар жақсылықты тілеймін. Лиза».

Елизавета Әлиханқызы медицинадағы статистика жөнінде Кеңес Одағы бойынша көрнекті ғалым болатын, сол себепті ол кісіні диссертация қорғауларына оппонент ретінде бүкіл республикаларға жиі шақырып отырған.

Бір жолы, мен Мәскеуге кезекті каникулга келгенімде Лиза апай Тбилисиден оралды. Ол кісіні нағыз кавказдың қонақжайлылығымен қарсы алған. Әріптестерінің өзін құрметке бөлеп, қамқорлыққа алғанын күлімсіреп айтып отыратын. Өзіне тие назар аударып, мәселеленді жактырмайтын, «ғрызашылдығын білдіргісі» келетіндердің бетін тосып қайтарып тастайтын.

Қызметіндегі мейлінше жұмысбастанлығына қарамастан, Елизавета Әлиханқызы (сегіз жыл бойы Москвадағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының деканы және партия ұйымының хатшысы болды) үнемі ізденіс үстінде болатын.

Ауыр кеселге ұшырап денсаулығынан айырылғанша, докторлық диссертациясымен айналысқан.

Кештеу, бірақ қоғамдағы орным «алға ұмтылуды» талап етіп тұрғанда кандидат болып жүре беру ұят. Докторлық дәрежеден мен, әрине, ақылдырақ болып кете қоймаспын, бірақ, солай ету керек.

Ауруханада ауырып әлі үстінде жатқанда Мәскеуде қайтыс болған, Қазақстанның бұрынғы халық комитетінің басшысының жұбайы, өзінің құрбысы Зуфнн Нұрмакованы тауып беруді өтінеді.

Зуфнн аурухана төсегіне жақындап келіп, оның бұлдемесінен ұстаған бетте тізерлеп отыра кетті. Апай бар күшін жинап төсек ішетіне жылжып жетеді де екеуі еңіреп жылап көресіді. Сонда Лиза Әлиханқызы еңтіге айқайлай салады: «Олар біздің бар

жақынымызды құртты! Жүрегімізді суырып алды, енді біздің де кезегіміз жетті».

Алаштың ардақтысы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның қызы Елизавета Әлиханқызы да Отаннан жырақ жерде өмірден озды.

Дәрігерлердің білім жетілдіру институтында соңғы азаматтық жаназасы өткізіледі. Азаматтық жаназада әкем Райымжан Бөкейхан қайғыдан бүгіліп, егіле жылап отырып, «Мұнда Россияда қазақ қызын ақырғы сапарға етжакын адамдарындай шығарып салып жатыр ғой!» деп қайталай беріпті.

1910 жылы Үкітай есімді ұлы өмірге келеді. Үнемі орысша ортада тәрбиеленген соң Сергей аталады. Үкітай Әлиханұлы Мәскеудің тау-кен институтын бітіріп, геолог болды. Ол бірнеше жыл Қазақстандағы Сәтбаев қаласында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевпен бірге оның кешенді геологиялық-барлау тобында ерен еңбек етеді. Өмірінің кейінгі жылдарында Хакасияда жұмыс істеген. Түсті металдарды барлау мәселелері жайында тау-кен өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық мәжілісінде әзірлеген баяндамасы осы күнге дейін өте құнды саналады. « Мен талай жыл жұмыс істеген Политехникалық институттың геологиялық барлау факультетінде академик Е.Д.Шлыгин деген ғалым жұмыс істейтін. Ол Қазақстанның аймақтық геологиялық құрылымының теориясы мен моделін алғаш жасағандардың бірі. Бір жолы мен сөз сөйлеген жиналыстың соңында аса қадірлі академик маған келіп: «Сіздің С.Алихановичпен жақындлығыңыз жоқ па?», – деп сұрады. Мен біздің жақындлығымызды өңгімелеп бердім. Шлыгин осыны естігенде жанып кетті, өзінің 40-50 жылдары Қарсақбай-Жезқазған мысты өңіріндегі экспедицияның құрамына қатал қосылғанын, онда Сергей ағаймен танысқанын аузының суы құрып өңгімеледі», Академик Шлыгин Сергей Алиханұлының кәсіби деңгейінің өте жоғары екендігін ерекше айтты. Өкінішке орай, ол жылдары мұндай фамилиясы бар адамға ешқандай сый-құрмет бұйырмайтын, лайықты бағасын алмайтын еді. «Халық жауының баласы» өзі жұмыс істеген ұжымның өзге мүшелеріне тиесілі марапаттарды алуға құқығы болмайтын еді.

Сергей Алиханұлы одаққа белгілі геолог болды. Ол Сергей Букейхановтың ғылыми және өндірістік еңбегінің жемісті болғандығын Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының сессиясында «Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары» атты баяндамасы дәлелдеп отыр. Бұл баяндама 1935 жылы шыққан 700 беттік «Үлкен Жезқазған» атты монографияның бүтін бір бөлімін алып жатыр. Бүгінде техникалық өндіріс саласындағы ғалымдар баяндаманың құндылығына үлкен баға беріп жатыр. Белгілі геолог, Социалистік Еңбек Ері В.И.Штифанов Сергей Алиханұлының кәсіби деңгейін өте жоғары




бағалайды: «Мен ол кісіні 1944 жылы Мәскеуде КСРО Түсті металлургия министрлігі өткізген бір беделді кеңесте көріп, сөзін тыңдадым. Сергей Алиханұлы осында мазмұны терең баяндама жасап, сөз сөйледі. Ол кезде ол кісі Оңтүстік Оралдағы ірі геологиялық экспедицияны басқаратын. Тағдырдың тәлкегімен қаншама қиындық көрген ірі тұлғаның тағдыры белгісіз жағдайда үзілді. Сол кездегі солайы саясаттың сойқанымен тек қана Алаш ардақтысы ғана емес, ұрпақтары да көп қиындық көрді. Геолог ғалымның ерен еңбектері бүгінде үлкен зерттеу жұмыстарын қажет етеді. Ол бүгінгі ғалымдардың еншісіне қалсын.

Бірақ Әлихан Бөкейхан да, ұрпағы да жат жерде аса қадірлі болды. Бүгінгі тарихшыларға зерттейтін тақырып. «Мәңгілік ел боламыз» деп аттандап жатырмыз. Ұлы тұлғалардың ұлылығын ұлықтайық. Табыстайық өскелең ұрпаққа. Ел боламыз десек, «Халық жауының» ұрпақтары болғандықтан, өмір жолында көп тосқауылдарға кездескенін ұмытпайық.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше жасаған қызметі сан қилы. Артынан қалған ұрпағының өзі де ерекше болғандығын деректер көрсетіп отыр. Асылдың сынығы, Елизавета Бөкейханқызы Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, өзінің перзенттік, азаматтық борышын адал атқарды. Ұлы Сергей Алиханұлының тағдыры жұмбақ жағдайда үзілді.

ЮНЕСКО көлемінде Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойы әлем бойынша аталып өтті, сондықтан бұл туралы сөз қозғамау орынсыз. Шын мәнінде, өзінің ерен еңбегімен, білімімен, адал қызметімен қатарынан озып шыққан замандастарымыз тарихта жетіп артылады. XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының көш басында тұрған алып қайраткер, Әлихан Бөкейханның ұрпақтары да тарихымыздан ойып тұрып орын алуға тиіс. Халық мұны ұмытпай, есте сақтап ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға тиісті. Үкітай Әлиханұлы Бөкейханға кезінде қазақ индустриясының орталығы болған Қарсақбайда ескерткіш қойылуы үкілі үмітімізді ояттып, жүрегімізді нұрға толтырады. Ұлыларды зерттейік, зерделейік, ұлықтайық, аспандаға көтерейік, Ұлағатты еңбектерін еске сақтап, ұрпақтарға жеткізіп дем берейік.

Кәмшат АБДРАХМАНОВА,
Қарағанды медицина университеті
Қазақстан тарихы және
ӘСП кафедрасының
ассистент-профессоры



(Соңы. Басы 1-бетте).

С.Бүкіров туған жерінің әрбір тасын, әрбір бұрауын пір тұтып, тарихи және мәдени мәні бар археологиялық, архитектуралық және табиғат ескерткіштерін зерттеп, оның сақталуына жанұшыра атсалысқан жан. С.Тақабайұлы Шоқан Уәлиханов жүріп өткен маршрут бойынша (1990ж), Байқоңыр өзенінің екі жарқабағында салынған суреттерді зерттеуге (1976), Танбалы Нұра (1991), Арғанаты бойына экспедициялар ұйымдастырды, жергілікті баспадан «Жезқазғандағы тарихи-археологиялық ескерткіштер», «Жезқазған мешіттері» атты кітапшаларды шығарды. Жезқазғандағы туристік маршруттардың тұңғыш картасын жасаушылардың



ХАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ

бірі, «Мәдениет және тұрмыс», «Білім және еңбек», «Жұлдыз», «Орталық Қазақстан», «Жезқазған туы» газеттеріне көптеген мақалалар жазды.

Өлке тарихының айтулы жанашыры С.Тақабайұлы 1981 жылы алғаш рет мемлекеттік архивке өзінің жиған-терген мол мұрасын өткізіп, архивтегі жеке тектік қор құжаттары топтамасының алғашқы негері де Сүтемген Тақабайұлының өзі болды. Соның нәтижесінде №289-шы Бүкіровтің жеке тектік қоры ашылып, оған 1910-1995 жылдарды қамтитын 3535 құжат топтастырылды.

Жезқазған кен орындарын игерудің тарихы жөніндегі құжаттар, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен халық батыры Аманкелді Иманов, Қаражар көтерілісі, Дүйсенбай, Бөріойнақ бойындағы шайқастар, Жезқазған өңірі мен қарашынарлық Қарсақбай жерінің тарихы аталмыш қордың мол мұрасы болып саналады. Сонымен қоса Сүтемген Тақабайұлы Жезқазған қыс кенішін игеру шежіресінің құнды беттерін қағазға түсірді. Қазақ халқының

ұлы перзенті, ғылымның жарық жұлдызы Қ.И.Сәтбаев жайында жинақтаған мол мұрасы теңдесі жоқ байлығымыз. Бүгінде ерен еңбектерімен танылған Ысқақ Анарқұлов, Өмірхан Байқоңыров, Оразбек Дүйсенбаев, Павел Шаталюк, Василий Штифанов, Иван Деев жайлы құнды деректерді өлкетанушының жазбаларынан кездестіруге болады.

Қазақ өнеріне аса жанашырлықпен қарап, зерттеп, жинақтаған жандардың бірі, бірегейі де – Сүтемген Тақабайұлы. Ол кісі халық ақындары, өнер тарландары Тайжан ақын, Қожабай Токсанбайұлы, Болман Қожабайұлы, Иманжан Жылқыайдаров, Мұқан Иманжанов, Айтай ақын, Нұрғали ақындар туралы жинаған өлең-жырлар, естеліктері, мақалалары баға жетпес қазына, сондай-ақ ұлт мақтаныштары Шоқан Уәлиханов, Жамбыл Жабаев, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов туралы деректер де аса құнды маңызға ие.

Қор құжаттарының үлкен бір бөлімі ол кісінің жинаған – **фото-суреттері**. Қала тарихынан терең сыр шертетін, түрлі тақырыптар-

ды қамтитын металлургтердің, ақын-жыршылардың, соғыс, еңбек ардагерлерінің, ұлт мақтанышы Қ.Сәтбаевтың суреттері аса құнды құжаттары болып саналады.

Аймағымыздағы талантты жайсаңдар мен жампоздарды, өндірісті, ғылымды, мәдениетті дамытуға еңбек сіңірген қайратты майталмандарды, азаттық, бостандық және Отан үшін шейіт болған боздақтарды есте қалдыру Сүтемген Бүкіров қызметінің бір саласы болды десек артық емес. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында опат болғандарды із-дестіріп, зерттеп-зерделеп, нәтиже-сінде «Боздақтар», «Зерде» кітаптарының жарыққа шығуына аянбай атсалысты. Сонымен қоса ҰОС-ның ардагерлері Жақсымбет Үнішбаев, партизан Алияқбаров, Шәріп Қалманбаев, Құрманғали Жақсыбаев, қазақтың біртуар перзенті Бауыбек Бұлқышев жайындағы жазбалары да сақтаулы.

Ол кісінің қор құжаттарынан үлкен орын алатын құнды құжаттары – **хат алмасулары**. Академик Қаныш Сәтбаевтың Сүтемген Бүкіровке, Василий Штифановқа жазған хат-


тары, сондай-ақ Сүтемген Тақабайұлының Сәбит Мұқановқа, Мұхаметжан Қаратаевқа жазған хаттары ол кісінің зиялы қауым өкілдерімен рухани байланыста болғанын көрсетеді.

Өлке тарихына өлшеусіз үлес қосқан ел мақтанышы Сүтемген Тақабайұлының еңбегі үнемі бағаланып отырды. Еселі еңбегінің арқасында «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерлік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталып, «Қазақстан Республикасы еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сүтемген Тақабайұлы Бүкіровтің 100 жылдығы қала көлемінде кеңінен аталып өтілмек.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы қасиетті Ұлытау-Жезқазған өңіріне сапарында: «Ұлытау топырағы – алып тұлғалардың рухы тоғысқан жер. Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз. Ұлт ұясы, біріктің бесігі Ұлытауды ұлықтау – бізміздің міндетіміз», – деп атап көрсеткен еді.

Ұлағатты ғұмыр несінің мол мұрасы – баға жетпес рухани байлығымыз. Уақыт озып, өткен мен бүгіннің арасы қаншалықты қашық тұрса да, ардақ тұтар азамат есімі жақұттай жарқырап ел есінде мәңгі қалмақ.

Дәмектен
ОРЫНБАСАРОВА,
Жезқазған қаласы
мемлекеттік архивінің
басшысы



DÜISENBI

II QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:20 «M6sele». 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Білім байғесі». 13:00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 14:00 «Ұлы дала ұлағаты». 14:30 Мақпал Жұнысованың концерті. 15:15 «Менің мектебім». 16:05 «АТАМЕКЕН». 16:30 «ТӨУЕЛСІЗДІК ТАРΙΑНДЫАР». Д/ф. 17:00 АҚРАРАТ. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 АҚРАРАТ 20:35 «ASHYU AЛAՒ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:20 Телехика. 0:10 АҚРАРАТ. 0:45 «Ashyq алаһ». 1:30 «Теледәрігер». 2:20 «Тәуелсіздік тарландары». Д/ф.

ХАБАР

6:00 Жұлдызы жекпе-жек. 7:30 М/с «Бұба». 8:15 «Өз үйім». 9:15 «Qalamainy». 10:15 «Отыңды өшірме». 12:30 Проект. «За что я люблю Казах-стан и казахстанцев». 13:10 «Фамильные ценно-сти». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Армандастар». 17:00 «Qalamainy». 18:15 «Жалғыз жауақыз». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный кон-троль». 21:00 Итоги дня. 21:45 Ток-шоу «Хабар».

SEISENBI

12 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:25 АҚРАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Білім байғесі». 13:00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 14:00 «Тұған». 14:30 «Жер төресі». Д/ф. 15:00 «Менің мектебім». 16:00 «Жәдігер». 16:30 «ТӨУЕЛСІЗДІК ТАРΙΑН-ДЫАР». Д/ф. 17:00 АҚРАРАТ. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 АҚРАРАТ. 20:35 «ASHYU AЛAՒ». 21:30 «МЕНІҢ МЕК-ТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:20 Телехи-ка. 0:10 АҚРАРАТ. 0:45 «Ashyq алаһ». 1:30 «Те-ледәрігер». 2:20 «Тәуелсіздік тарландары». Д/ф.

ХАБАР

6:00 Жұлдызы жекпе-жек. 7:30 М/с «Бұба». 8:15 «Өз үйім». 9:15 «Qalamainy». 10:15 «Отыңды өшірме». 12:30 Проект. «За что я люблю Казах-стан и казахстанцев». 13:10 «Фамильные ценно-сти». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Армандастар». 17:00 «Qalamainy». 18:15 «Жалғыз жауақыз». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный кон-троль». 21:00 Итоги дня. 21:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:15 «Ал-

SÄRSENBI

13 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:25 АҚРАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Білім байғесі». 13:00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 14:00 «Жарқын жүзесу». 15:00 «Менің мектебім». 15:55 «АЛТАЙ ТҮРКІ ОЛЕМІННІ ТӨРКІНІ». Д/ф. 16:20 «ТӨУ-ЕЛСІЗДІК ТӨУЕКЕЛДІР». 17:00 АҚРАРАТ. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 АҚРАРАТ. 20:35 «ASHYU AЛAՒ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:20 Телехика. 0:10 АҚРАРАТ. 0:45 «Ashyq алаһ». 1:30 «Теледәрігер». 2:20 «Тәуелсіздік төуекелдері».

ХАБАР

6:00 Жұлдызы жекпе-жек. 7:30 М/с «Бұба». 8:15 «Өз үйім». 9:15 «Qalamainy». 10:15 «Отыңды өшірме». 12:30 Проект. «За что я люблю Казах-стан и казахстанцев». 13:10 «Фамильные ценно-сти». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Армандастар». 17:00 «Qalamainy». 18:15 «Жалғыз жауақыз». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный кон-троль». 21:00 Итоги дня. 21:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:15 «Алтыс-

BEISENBI

14 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:25 АҚРАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Бі-лім байғесі». 13:00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 14:00 «Жарқын жүзесу». 14:30 «Қызық екен...». 15:15 «Менің мектебім». 16:00 «МЕНІҢ QAZAQSTA-NYМ». 16:30 «Келсе». 17:00 АҚРАРАТ. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 АҚРАРАТ. 20:35 «ASHYU AЛAՒ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:20 Телехика. 0:20 АҚРАРАТ. 0:55 «Ashyq алаһ». 1:45 «Теледәрігер».

ХАБАР

6:00 Жұлдызы жекпе-жек. 7:30 М/с «Бұба». 8:15 «Өз үйім». 9:15 «Qalamainy». 10:15 «Отыңды өшірме». 12:30 Проект. «За что я люблю Казах-стан и казахстанцев». 13:10 «Фамильные ценно-сти». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Армандастар». 17:00 «Qalamainy». 18:15 «Жалғыз жауақыз». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарды». 21:00 Итоги дня. 21:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:15 «Алтынсан асып ба-рымы».

JUMA

15 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 7:00 «TANSHOLPAN». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Білім байғесі». 13:00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». 14:00 «Егіз лебіз». 15:10 «Менің мектебім». 16:10 «Жер төресі». Д/ф. 16:40 «ОЛЕМ АЙНАСЫ». 17:00 АҚРАРАТ. 17:15 «ТӘЛІМ ТҒЕНД». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 АҚРАРАТ. 20:35 «ASHYU AЛAՒ». 21:30 «МЕНІҢ МЕК-ТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:30 «Ағасы бардым». К/ф. 1:10 «PARASAT MAIDANY». 1:45 АҚРАРАТ. 2:20 «Ashyq алаһ».

ХАБАР

6:00 Жұлдыз жекпе-жек. 7:30 М/с «Бұба». 8:15 «Өз үйім». 9:15 «Qalamainy». 10:15 «Отыңды өшірме». 12:30 Проект. «За что я люблю Казах-стан и казахстанцев». 13:10. «Фамильные ценно-сти». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Армандастар». 17:00 «Qalamainy». 18:15 «Жалғыз жауақыз». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарды». 21:00 Итоги дня. 21:45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 22:15 «Алтынсан асып ба-рымы». 0:00 «Әсем әуен». 1:00 «Менің тағдырым».

SENBI

16 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:30 «Тайюан бастан кешкендер». М/ф. 8:20 «Жүзден жүздік». 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «NUR TIEYU». Сұхбат. 12:35 «Азіл сөз». 15:25 «АРКТИКА ҚОРҒАУШЫЛАРЫ». М/ф. 16:55 «ЖАРҚЫН ЖҮЗЕДІСІ». 18:00 «БІЗ-ДІҢ ӘПКЕ». 20:00 «MASELE». 20:40 «Егіз лебіз». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:20 Қоркөм фильм. 1:00 «Nur tieu». Сұхбат. 1:30 «Masele». 2:10 «Para-sat maidany».

ХАБАР

6:00 М/с «Малшыарик». 7:00 «Өлшеулі өмір». Саят Әбеновтың шығармашылық кезе. 9:15 «Эни-өзі тану». 9:30 «Мен - чемпион PRO». 10:00 «Tangy fresh». «Френди». 10:40 «Біз мықта». 2: 11:45 М/с «Улы и сокровища пиратов». 13:00 Мегатхт. «РЭД». 14:45 Әсем әуен. 16:00 Телехика марато-ны. «Армандастар». 19:00 «Dala battle». 20:00 «Г-

JEKSENBI

17 QANTAR

QAZAQSTAN

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:30 «Tolağa». 7:30 «Ата-менек». 8:00 «Ауыздастар». 8:30 «Арктика қорға-шылары». М/ф. 10:00 «Біздің әпке». 12:00 «Жақ-сылықпен кел, Жаңа жыл!». 14:00 «Қазыналы қал-лашыар». М/ф. 15:35 Қоркөм фильм. 17:10 «КЫМ-БАТ ЖАНДАР». 18:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 «АРТА». 20:50 «Жүзден жүзірім». 22:30 «ЕЛШІННІ ҚЫЗЫ». 23:30 Қоркөм фильм. 1:35 «АРТА». 2:25 «Көшпенділер». Д/ф.

ХАБАР

6:00 М/с «Малшыарик». 7:00 Роза Әлқожаның «Арқада салған ең қандай...» атты концерті. 9:15 «Сампоизация». 9:30 «Я - чемпион PRO». 10:00 «Tangy fresh». «Френди». 11:15 «Pro SPORT». 11:45 Семейное кино. «Рассказы Русалочки». 13:15 Ме-гахит. «Ночной рейс». 14:45 «Дала battle». 16:00 Телехика маратоны. «Өз үйім». 18:30 «Мәжіліс».

лас». 22:45 «Паленшестер». 0:00 «Әсем әуен». 1:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 13:50 Vine time. 14:10 М/ф «Маша и медведь». 15:00 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Күлшпінгі хикаялары». 16:50 «Үздік әзілдер». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 07:30 «МӨС-САҒАНКЗ». 08:00 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 08:50 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09:20 «ИНАЯ РЕАЛЬ-НОСТЬ». 10:10 «НАДЛОМЛЕННЫЕ ДУШИ». 12:00 СПЕЦЫПУСК. ЖАҒАЛЫҚТАР – НО-ВОСТИ. 12:20 «НАДЛОМЛЕННЫЕ ДУШИ». 14:00 «СИЛА ОБСТОЯТЕЛСТВА». 16:00 СПЕЦ-ВЫПУСК. ЖАҒАЛЫҚТАР – НОВОСТИ. 16:20 «СИЛА ОБСТОЯТЕЛСТВА». 18:00 «БІР КЕМ ДҮНИЕ». 19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НО-ВОСТИ. 21:40 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕН-НИЦА».

пыстан асып барамын». 0:00 «Әсем әуен». 1:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 13:50 Vine time. 14:10 М/ф «Маша и медведь». 15:00 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Күлшпінгі хикаялары». 16:50 «Үздік әзілдер». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 3/6. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 07:30 «КАРА ТЕҢІЗ». 08:40 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 09:30 НО-ВОСТИ. 10:10 «ТЕНИЙ». 12:10 «МОЙ МУЖЧИ-НА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 14:00 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ». 16:00 «АКАРЕЛИИ». 18:00 «БІР КЕМ ДҮНИЕ». 19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВО-СТИ. 21:40 «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИ-НА». 23:40 «ТЕНИЙ». 01:30 «АКАРЕЛИИ». 02:20 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 03:05 «ТОЙ BESTSTAR».

тан асып барамын». 0:00 «Әсем әуен». 1:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 13:50 Vine time. 14:10 М/ф «Маша и медведь». 15:00 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Күлшпінгі хикаялары». 16:50 «Үздік әзілдер». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00«Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 07:30 «КАРА ТЕҢІЗ». 08:40 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 09:30 НО-ВОСТИ. 10:10 «ТЕНИЙ». 12:10 «МОЙ МУЖЧИ-НА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 14:00 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ». 16:00 «АКАРЕЛИИ». 18:00 «БІР КЕМ ДҮНИЕ». 19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВО-СТИ. 21:40 «АЛМАЗЫНҒЫ ЭНДШПИЛИ». 23:40 «ТЕНИЙ». 01:30 «АКАРЕ-ЛИИ». 02:20 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 03:05 «ТОЙ BESTSTAR». 04:20 «КАЙ-РАН ҚАРТТАР». 05:00-05:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.

рамын». 0:00 «Әсем әуен». 1:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 13:50 Vine time. 14:10 М/ф «Маша и медведь». 15:00 «Ағайым мектебі» т/с. 16:00 «Күлшпінгі хикаялары». 16:50 «Үздік әзілдер». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 Барыш-крестьян-ка. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 07:30 «КАРА ТЕҢІЗ». 08:40 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 09:30 НО-ВОСТИ. 10:10 «ТЕНИЙ». 12:10 «АЛМАЗЫНҒЫ ЭНД-ШПИЛИ». 14:00 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ». 16:00 «АКАРЕЛИИ». 18:00 «БІР КЕМ ДҮНИЕ». 19. КЕШ-КІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «АЛМАЗЫНҒЫ ЭНДШПИЛИ». 23:40 «ТЕНИЙ». 01:30 «АКАРЕ-ЛИИ». 02:20 «АСТАРЫ АҚИҚАТ». 03:05 «ТОЙ BESTSTAR». 04:20 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 05:00-05:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союз-мультфильм. 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 13:50 Vine time. 14:10 М/ф «Маша и медведь». 15:00 «Сын моего мотца» т/с. 16:00 «Күлшпінгі хикаялары». 16:50 «Үздік әзілдер». 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 Ба-рыш-крестьянка. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келін-дер».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 07:30 «КАРА ТЕҢІЗ». 08:40 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 09:30 НО-ВОСТИ. 10:10 «ТЕНИЙ». 12:10 «АЛМАЗЫНҒЫ ЭНДШПИЛИ». 14:00 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ». 16:00 «АКАРЕЛИИ». 18:00 «БІР КЕМ ДҮНИЕ». 19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР. 20:00 «ДАУ-ЛА-МАЙСЫЗ». 20:35 «КТКweb». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ВТОРАЯ ПЕРВАЯ ЛЮБОВЬ». 01:30 «АКТЫҚАТ». 02:20 «ДАУ-ЛАМАЙСЫЗ». 02:45 «КТКweb». 03:05 «ТОЙ BESTSTAR». 04:20 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 05:00-05:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.

дел журналистың расследований». 21:00 «7 күн». 22:00 «Ночной рейс». 23:30 Телехика маратоны. «Алпыстан асып барамын».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Кекеш келін». 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 13:50 X/f «Операция «Б» и другие приключения Шуррика». 15:50 «Алдарас-пан» әзіл-сатық театры. 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 Үздік әзілдер. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлей-мен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:20 X/f «Универсальный солдат». 2:20 «Вas times». 3:20 Той тигра. 3:50 «KazNet». 4:10 «Үздік әзілдер». 5:00 «Өн мен әзіл».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 08:00 «БАҚЫТКА ЕСІК АШАЙЫҚ». 08:30 «БАЗАР ЖОҚ АЛАНД». 09:20 «12:00». 09:45 «СМЕЯТСЯ РАЗРЕША-ЕТСЯ». 12:00 «ВТОРАЯ ПЕРВАЯ ЛЮБОВЬ». 16:00 «АТАЛАР СӨЗІ». 18:00 МЕРЕКЕЛІК КОН-ЦЕРТ. 18:40 «ОРИГИНАЛ». Әбдіжашар Әлқожа-ны ән-кеші. 21:00 «БОЛШИНЕ НОВОСТИ». 00:40 «И-

кез». 19:00 Әсем әуен. 19:45 «Хит жазамыз». 21:00 «7 күн». 22:00 «Бошпала несілдер». 23:00 Телехика маратоны. «Алпыстан асып барамын».

АСТАНА

6:00 Қаламгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 7:30 X/f «Опе-рация «Б» и другие приключения Шуррика». 9:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Кеш келін». 11:55 «Сүлеймен Сұлтан». 13:25 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 15:00 X/f «Универсальный солдат». 17:10 «Алдараспан» әзіл-сатық театры. 18:00 «Ұрланған тағдыр». 20:00 Үздік әзілдер. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 21:55 «Кекеш келін». 23:05 «Ұлы әмірші Қуан Ге То». 0:35 «Azt keshi». 2:00 «Астана кеші көңілді». 4:00 «KazNet». 4:20 «Әзіл-а-стан». 4:40 «Өн мен әзіл».

КТК

07:05 «ОНЕРПІ ОТБАСЫ». 07:50 «ОРИГИНАЛ». 08:00 «СМЕЯТСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ». 12:20 «ДОМ КОТОРЫЙ». 16:00 «АТАЛАР СӨЗІ». 17:10 «НА-РИСОВАННОЕ СЧАСТЬЕ». 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ». 22:00 «КОРОЛЕВА ПРИ ИСПОЛНЕ-НИИ». 00:00 «ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ». 00:40 «И-

ШНА». 23:40 «ТЕНИЙ». 01:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 02: «ТОЙ BESTSTAR». 03:25 «МӨС-САҒАНКЗ». 03:50 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 04:20 «КАЙРАН ҚАРТТАР». 05:00-05:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.

7-АРИА

06:00 «Айна-online». 07:20 «Элиф». 08:50 «Всё к лучшему». 12:30 «Ерке мұн». 13:30 «Элиф». 15:30 «Смеяться разрешается». 17:10 «Осколки счастья». 2». 18:00 «Нюхач 2». 19:00 Снепирокет «Самое время». 19:30 «Нюхач 2». 20:30 «Ерке мұн». 21:30 «Зын-зын Күлшәм». 22:20 «Жалдамалы калыңдық». 23:20 X/f «Новая полинейская история». 01:30 «Бессонница». 03:00 «Жалдамалы калыңдық». 03:50 «Зын-зын Күлшәм». 04:30 «Айна-online».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Өн шашу». 08:35 «Муль-фильм». 09:05 Тангы студия. 10:05 Фильм «Дала Логана». 12:05 Деректі фильм. 13:00 «За строкой Послания...». 13:15 Мультфильм. 13:30 Қоркөм фильм «Ен сұлу». 15:00 Күндізгі жаңалықтар. 15:15 Дневные новости. 15:30 Деректі фильм. 16:00 «Хабарландыру». 16:15 «Өмір ірірім». 17:00 Телесерия «Свидетель». 18:00 Мультфильм. 18

КҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті
Абдымұхан Әбдіқадырұлы
ҚАЛМАҒАМБЕТОВ!**

Сізді туған күнінiзбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге денiңiздiң саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тiлеймiз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете берiңiз. Отбасыңыздан ынтымақ, бақ таймасын. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым арта берсiн.

Тiлек бiлдiрушi: «Қаратал» ӨК
ұжымы



ҮШІНШІ ТОҚСАН ҚАЛАЙ ОҚЫТЫЛАДЫ?

Жыл оқушылар үшін жағымды жаңалығымен басталды. Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында, Білім және ғылым министрлігінің ұсынысы бойынша қысқы демалыстан соң мектеп бітіруші 9, 11-сынып оқушылары сабақтарының 70 пайызын дәстүрлі түрде оқитын болды.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, балалар мен педагогтердің денсаулығын сақтау мақсатында Қарағанды облысының бас санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №31-к бұйрығына сәйкес 2020-2021 оқу жылының 3-тоқсанында қала мектептерінде қашықтан оқыту келесі тәртіпте жүргізіледі. 1-5 сынып оқушылары кезекші сыныптарда білім алуын жалғастырады. Бүгінде Жезқазған қаласының мектептерінде 16218 оқушы бар болса, оның 4413-і кезекші сыныптарды оқытылып жатыр. Кезекші сыныпқа оқушылар ата-ана өтініші бойынша қабылданады, ондағы оқушылардың саны 15-тен аспайды. 11 қаңтардан бастап 9 және 11-сынып оқушылары мектеп қабырғасына оралады. Олар аралас форматта пәндердің 70% - ын штаттық режимде, 30% - ын қашықтан оқиды, – деген Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов мектептегі оқу барысында бір кабинет, әр түрлі қоңыраулар, әлеуметтік қашықтық талаптары қатаң сақталатынын жеткізді.

Қазіргі таңда қала мектептері қажетті санитарлық құралдардың қорымен жабдықталып, санитарлық норма талаптары қатаң сақтауға көшкен. Меншік нысанына қара-

мастан, санитарлық қауіпсіздіктің қатаң шараларын сақтай отырып, балалар контингенті аз мектептердің штаттық режимдегі қызметіне рұқсат етілгендіктен Малшыбай ауылындағы №15 негізгі мектебіндегі 47 оқушы және Теректі стансасындағы №6 негізгі мектептегі 65 оқушы штаттық режимде оқытылуда. Мектептерде мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар толығымен тоқтатылды.

Директор жанындағы кеңестер, педагогикалық кеңестердің отырыстары, ата-аналар жиналыстары қашықтан өткізіледі. Оқыту форматына қарамастан қазақ және орыс тілдерінде оқитын оқушыларға республикалық «Ел-Арна», «Балапан» арналарында телевизиялық сабақтар арқылы оқуға мүмкіндік жасалған. Телевизиялық сабақтар ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми арналарында қолжетімді. Бұл сабақтар қосымша білім беру ресурсы ретінде қолданылады.

2020-2021 оқу жылының III тоқсанынан бастап мектеп оқушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабақтан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда жеке консультация ұйымдастыру мәселесі де қарастырылып жатыр.

Өз тілшіміз

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАНДЫ ЖАДЫРАТАДЫ

Жер бетіндегі барша адамзат бір Адам атадан тарағаны белгілі. Осы тұрғыда ислам дінінде де мұсылманның мұсылманға бауыр деген қағидасы бар. Кез келген игі істі жүзеге асыру адамдар арасында бірге, тілге, нәсілге, ұлтқа бөлініп-бітінідігін ұмытпаған жөн.



Адамзаттың ұстазы болған Мұхаммед с.а.у. пайғамбардың өзі: «Адамдардың ең қайырлысы ол өзгеге пайдасы тигені» деген. Бірде пайғамбарымыз Мұхаммедтен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісі: «Уа, Алланың Елшісі, ең жақсы адам кім?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген пенде», – деп жауап берген. Өз отбасымыздан бастап, көрші-қолан, ағайын-туыстарға, жалпы жұртқа шарапатымызды шашып, қайырымдылығымызды көрсету – мұсылмандық әрі азаматтық борышымыз.

Біреуге жасаған рақым, әділдік және қайырымдылығымыздың жемісін, рақатын бұл дүниеде болмаса да мәңгілік өмірде көріріміз сөзсіз. Тілегі мен жүрегі үндестікте болған адамның рухани қуаты арта түседі. Осы тұста біреудің еңбегіне құрмет көрсету де маңызды. Құн райының қолайсыздығына қарамастан білек сыбана еңбек етіп жүрген қала тазалығына жауапты жұмысшыларға Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы Нұрперзент Омаровтың бастама-сымен «Қолынан келсе, қолғабыс бол» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Бұл шараның басты мақсаты – коммуналдық қызметкерлерге осындай аязды күндері атқарған жұмыстары үшін алғыс айту. Аталған шара барысында жұмысшыларға ыстық шай мен тамақтар таратылды. Күнделікті өмірде бұл адамдардың еңбегін ешкім байқамайды. Олар қаламыздың тазалығы үшін таң атысымен тұрып, күн қарайғанда тер төгеді. Ал біз сол адамдардың тәулік бойы жұмыс істеуінің арқасында тазартылған көшелермен жүреміз. Қолымыздан келгенше жақында-рымызға, тіпті танымасаңыз да мұсылман бауырыңызға жәрдем жасап, көмек қолын созу – мұсылмандықтың белгісі. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Ең игі істер: мұсылман бауырына қуаныш сыйлау – оның қарызын өтеу, оны тамақтандыру» деген еді (Байқани). Осы өсиетті негізге алған мешіт қызметкерлері мен мешіт жамағаты суық күндері адам жанын жылытатын қайырымдылық шарасын ұйымдастырғанды жөн көрді. Сауапты іс жасап, бір – бірімізге мейірімділік танытуға ауа райының салқындығы да кедергі келтірмейтінін осындай игі істермен көрсете білейік.

**Ахмет ишан Оразайұлы
атындағы мешіттің
баспасөз қызметі**

ЕРЛІККЕ БЕРГІСІЗ ЕҢБЕК

Жаздың аптапты ыстығына, қыстың қытымыр аязына, ұятқан желі мен түтеген боранына қарамастан алакеуімнен жұмысқа кірісетін қар тазалаушылар еңбегі – зор құрметке лайық. Әншейінде байқала бермейтін олардың еңбектерісін, әсіресе, қыстың күні аяқ алып жүре алмай дүре-сарсаңға түсер едік. Қыс ерте түсетін біздің аймағымызда да қар тазалаушылардың жұмысы тым қауырт қалыпта орбиді. Күн сайын көз алдымызда қала көшелерін қардан тазалап жүретін осы адамдар жайлы бізде кеңінен тарқатқанды жөн көрдік.

Маусым айынан бері қала тазалығына жауапты «Құсайын жолы» кәсіпорнының жұмысшылары бүгінде «ИнабатСтройГарант» компаниясының қарамағына өткен. Бұған себеп – «Құсайын жолы» ЖШС мен тапсырыс беруші Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жола-

дер жиі кездеседі. Расында, бұл жұмыста ең төзімді, ең шымыр дегендер ғана қалады. Жаңадан жұмысқа орналасқандарға жұмыс барысы мен тәртібін түсіндіріп, қолдау көрсетуге тырысалмыз, – деген Елена Костная да ел алғысын алғаннан артық қуаныш жоғын жеткізді.



лаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мамандары аталған мекеменің өзіне жүктелген міндеттерін толық орындамауы салдарынан болып отыр дейді. Осы тұста «Құсайын жолы» мекемесінің өкілі Берікбол Сейтказиновқа да хабарласып, мән-жайды анықтауға тырыстық. Оның айтуынша, келісім-шарт негізсіз бұзылған. Алдағы күндері тараптар арасындағы дауға сот нүкте қоймақ.

– Жұмыс істелді. Оған фотодокаменттеріміз де, бейнежазбалар да бар. Бұл сөзімізді жұмысшылар да растайды. Біз жұмысшыларға алғашқы екі айдың еңбекақысын



ушылар көлігі мен автомобиль жолдары мекемесі арасындағы дау-дамай.

Бүгінде «ИнабатСтройГарант» ЖШС қарамағында 52 жұмысшы еңбек етуде. Бес топқа бөлінген еңбеккерлердің өздеріне тиесілі жинайтын аумағы белгіленген. Екі ауысымда еңбек ететін жұмыскерлер қала көшелерін мұз бен қардан тазартуда. Қар тазалау жұмысына 15 техника жұмылдырылған.

Қаланың тазалығына атсалысып жүргендердің қатарында нәзікжандылардың да қарасы қалың екенін байқадық. Осы салада 20 жылдан астам жұмыс істеп, зейнетке шыққан жанның бірі – Фарида Салдымұратова.

– Еңбектің оңайы болмасы анық. Басында, әрине, қиын болды. Жылдың төрт мезгілінде қала қоқыстарын жинау, көшелердегі тазалықты қамтамасыз ету – біздің негізгі міндетіміз. Жұмыс қыстыгүні тіптен ауырлай түседі. Аязды, қары қалың түсетін аймақта қар тазалау, көше мұздарын ою оңай емес. Қыстыгүні көп біліне бермейді. Дегенмен, бұған да үйренісіп кетесің. Міне, зейнет демалысына шыққанымға екі жыл уақыт болды. Бірақ, әлі де осы салада жұмыс істеп жүрмін. Үйреніскен жұмыстан қол үзгім келмейді, – деген Фарида апай тазалық мәдениетін сақтамайтын тұрғындар қала тазалығына ғана емес, тұтастай алғанда экологияға нұқсан келтіріп жатқанын айтып наылды.

– Менің осы салада жүргеніме 13 жылға тарта уақыт болыпты. Біздің жұмыс ұжымдық еңбекті, жоғары ауызбіршілікті талап етеді. Көбіне жұмыстың қиындығына шыдамай, тастап кететін-



Ұжымда он жылдан аса жұмыс істеп келе жатқан білікті мамандардың бірі – механизатор Қадірбек Тұрмағанбетов.

– Бәрі де бала-шағаның қамы үшін ғой. Ешкімге анадан жаймай, адал еңбекпен нан тапқаннан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Қанша қиын болса да, ерік-жігері мен қайратын жанып, ерінбей еңбек етіп жүрген әріптестеріме құрметім ерекше. Олар – тұрғындар игілігі үшін тер төгіп жүрген жандар. Мен қар тиегіш машинады жүргізсемін. Қыстың қақаған суығында машина да бұзылғыш болады. Аталған техниканы өзім жөндеймін. Мұның бәрі – көп жылдық тәжірибенің арқасы, – дейді ол.


Кез келген еңбектің өтемі болуы шарт. Осы тұста аталған жұмысшыларды мазалайтын бір мәселе де жоқ емес. Ол – қараша айының жалақысы. Аталған айдың еңбекақысын жерлес мекеме – «Құсайын жолы» БШК мекемесімен әкімдік келісімшарты тоқтатқан. Оның себебін Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жо-

өз қалтамыздан төледік. Ал қараша айын төлей алмаймыз. Бұған қаржы тапшылығы себеп болып отыр. Дегенмен, біз олардың еңбегін жеуден аулақпыз. Сот процесінің аяқталуын күтіп отырмыз. Қолымызға ақша тиісімен жұмысшыларға жалақылары берілетін болады. Бұл істі білікті заңгерлер қолдарына алды. Іс біздің пайдамызға шешілеріне енесіміз, – дейді ол.

Анығы – екі тараптың арасындағы дақтығыстан үшінші тарап, яғни, жұмыскерлер жапа шегіп отыр. Неде болса, қала тазалығын қамтамасыз етіп, дамылсыз еңбек еткен жұмыскерлер еңбегі өтеусіз қалмаса болғаны.

Қала тазалығы – тұрғындар мәдениетінің негізгі көрінісі екені анық. Осы тұста кінші үйіміз саналатын туған қаламыздың тазалығы баршамамыздың жауапкершілігіміздегі іс екенін де ұмытпағанымыз жөн. Не десек те, әке-анаммен қарайлас адамдардың еңбегін қадірлеу, өзгенің еңбегін бағалау арқылы ғана адамгершілігіміз сыналары ақиқат.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ЭКОСОФИЯ

Көк шөпті жұлма

Нұх пайғамбар Қазығұртқа тоқтағанда оның қауымында қырық адам болыпты. Оның ішінде бес жасар баласы бар бір әйел бар еді. Баласының аты Көк екен. Нұх қауымына:

– Жердің қарасы көрініп келеді. Балауса шөп енді өсіп жетіледі. Жаңа шыққан өсімдікті жұлмаңдар! – деп ескертіп еді.

Ақылсыз бала оның насихатын құлаққа ілмейді. Ол жаңа гүлдеген шөптерді бей-берекет жұлып ойнапты. Тұқым шашуға жақын қалған гүлдердің наласы ұрса керек, сол түні бала науқас тартып жатып қалады. Таңға жетпей жан тапсырады. Артынша ызғар жою тұрып, күн суып кетеді. Қырық адамың бәрі әртүрлі аурудан ажал құшады. Нұхтың үш баласы ғана апаттан аман қалыпты. Тіршілік осы үшеуінен жалғасқан екен.

Ел ішінде «Кемедегі қырық жан желден өлді, бір бала көктей солды» деген сөз қалыпты. Қазақ арасында «Көктемде көк шөпті жұлма, көктей соласың» деген тыйым да осыған орай айтылыпты.

Құмырсқаның илеуін бұзба

Жүсіп пайғамбар сегіз жыл зынданда жатқанда, аштан өлу қаупі туады. Сонда Құдайдың әмірімен құмырсқалар азық тасып, Жүсіпті асырайды. Жүсіп пайғамбар оларға риза болып:

– Илеуін бұзылмасын, ешкім саған жәбір көрсетпесін! – деп бата беріпті. Содан бастап қазақ арасында «Құмырсқаның илеуін бұзуға болмайды» деген ырым қалыпты.

(«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан)

30 Тәуелсіздік
жылнамасы

- 1990 жыл -

- 25 қазанда Қаз КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің Егемендігі туралы Декларация қабылдады.
- 15 қарашада Жезқазған мемлекеттік филармониясына Қазақ КСР Министрлер кеңесінің №444 қаулысымен Тайжан Қалмағамбетов есімі берілді.
- Желтоқсан айында облыстық кеңес сессиясы шешімімен «Жезқазған туы» газетінің атауы «Сарыарқа» болып өзгертілді.
- №7 мектеп-лицейге Қ.И.Сәтбаев есімі беріліп, ғалымның атындағы мұражай ашылды және 1-11 сыныптарға «Сәтбаевтану» пәні енгізілді.
- Жезқазған қаласында 241 орындық облыстық карттар үйі пайдалануға берілді.

- 1991 жыл -

- 4 маусымда Қазақ елі өзінің мемлекеттік рәміздеріне ие болды. Президент Н.Ә.Назарбаев «Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұранның музыкалық редакциясы туралы» Заңдарға қол қойды. Әнұранға жарияланған конкурсты жалғастыра түсуге шешім қабылданды.
- Қазақ КСР-і қауіпсіздік кеңесі құрылды.
- Қазақ КСР Жоғарғы Советінің сессиясы Қарағанды және Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймақтарын құру туралы қаулы қабылдады.
- 3 шілдеде Отырар-Ұлытау маршруты бойынша Кіші Жібек жолымен экспедиция жолға шықты. Экспедиция мүшелері 12 түйе және 3 арбамен сапар басын Отырар қаласынан бастады.
- 9 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы мамырдың 31-і 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың салдарынан қаза тапқандарды еске түсіру күні деп жарияланды.

- 2 қазанда «Союз-ТМ-13» космос корабімен халықаралық экипаж құрамында тұңғыш қазақ ғарышкері Токтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті.
- 16 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс алтыншы сессиясы ашылды. Сессияда «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Заң қабылданды. Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының Президентігіне Н.Ә.Назарбаевты ұсынды.
- Қазақстан Президентінің Бүкіл-халықтық сайлауы 1 желтоқсанға белгіленді.
- Қазақ КСР Жоғарғы Советінің 1991 жылғы қазанның 16-сындағы Қаулысына сәйкес 1991 жылғы желтоқсанның 1-де Қазақ КСР Президентінің сайлауы болды. Сайлау нәтижесінде Н.Ә.Назарбаевты жақтап 8681276 сайлаушы, яғни дауыс беруге қатысқандардың санының 98,78 проценті дауыс берді. Жезқазған қаласы бойынша Н.Ә.Назарбаевты қолдап 99,4 процент сайлаушы дауыс берді.
- 5 желтоқсанда «Жезқазған-түстіметалл» ғылыми-өндірістік және «Балқашмыс» өндірістік бірлестіктерінің базасында жаңадан «Қазақмыс» концерні құрылды.
- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысканы үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығына сәйкес Жезқазған қаласындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысып, жазықсыз қутынға ұшырағандар толық ақталды.

- 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына қол қойды.
- Жезқазған қалааралық автомат телефондардың жаңа түрі орнатылды. Телефондардың ерекшелігі 10, 15 және 20 тиындықтар арқылы пайдалануға болады.
- Облыста жаңадан Жезді, Шет аудандары мен Қаражал қаласында үш бастауыш, «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми бірлестігіне қарасты «Промышленный» совхозында орталау мектеп, Сәтбаев қаласында №5 орталау мектеп орта мектеп болып, ал Жезқазғандағы №5 орыс мектебі қазақ және орыс тілінде тәрбие беретін аралас мектеп болып құрылды. Сәтбаев қаласындағы №№1,4,14,25,27 мектептерде гимназияның бастауыш дайындық кластары, Жезқазғандағы №8 орта мектепте физика-математика пәнін тереңдетіп оқытатын класс-лицей ашылды.
- Қазақстантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігі қытайлық әріптестерімен бірлесіп қос қассталаы магнитфондарды шығаруды қолға алды.
- Жезқазған қаласының №7 орта мектебінде «Халықтық педагогика залы» ашылды.
- Жезқазған қаласында студенттер қалашығында медучилищенің №1 жатақханасын қайта жөндеуден өткізіп, облыстық студенттер профилаторин ашу жұмыстары қолға алынды. Профилаторийде бір мезгілде 100 адам демалып тыныға алады. Мұнда физиотерапия, стоматология және басқа да емдік кабинеттер орналасқан.

**Жезқазған қаласының
мемлекеттік архиві**